some aspect of critical thinking [8]. In the face of so many definitions, some authors go for a 'consensus definition' and others go for one that meets their needs and consistency in applying it [9]. Important to critical thinking is how to assess it. With this in mind, a definition for critical thinking, and the working one for this paper, based on Bloom's taxonomy of educational objectives [10] was chosen. Breaking down academic skills in this way and to some extent identifying critical thinking provides a reasonable breakdown for designing specific assessment designs.

### **Five-step model applied at the secondary level**

To provide the greatest benefits to students, teachers should provide as many opportunities as possible for students to engage in the upper levels of Bloom's taxonomy where critical thinking takes place. Most teachers do indeed believe that developing critical thinking in their students is of great importance, few have an idea of what exactly it is, or how it should be taught and importantly how it should be assessed [11]. To help with this a five-step model is now discussed which can be implemented in most teaching environments whether for elementary, secondary or tertiary education to help students gain critical thinking skills. The outline of the model is shown on Fig. 1.

#### *Step 1. Determine the learning objectives*

By considering the placement of the course in a programme of study, and its role in providing a base of knowledge and skills to be built on by other courses, a teacher should first identify the key learning objectives that define what behaviours students should exhibit when they finish the course. To make critical thinking happen, these learning objectives, as well as the activities and assessments, must include those tied to the higher levels of Bloom's (1956) taxonomy. A well-written objective should include a behavior that is appropriate for the chosen level of taxonomy. Bloom's levels are: *Knowledge; Comprehension; Application; Analysis; Synthesis; Evaluation.*



**Figure 1** – Five-step model to move students towards critical thinking

*Step 2. Teach through questioning*

Questioning is a vital part of the teaching and learning process. It allows the teacher to establish what is already known and then to extend beyond that to develop new ideas and understandings. Questions can also be used to stimulate interaction between teacher and learner and to challenge the learner to defend his or her position (i.e. to think critically). Clasen and Bonk [12] posited that although there are many strategies that can impact student thinking, it is teacher questions that have the greatest impact. Convergent questions apply to Bloom’s lower levels of Knowledge, Comprehension, and Application. Divergent questions apply to Bloom’s higher levels of Analysis, Synthesis and Evaluation, are generally open-ended and foster student-centered discussion, thereby encouraging critical thinking. To most effectively encourage student participation, teachers must become highly skilled questioners. This is reasonably difficult and takes commitment.

*Step 3. Practice before you assess*

In the past decade or so, a major shift has taken place in education; that is toward active learning. Teachers that have used this approach generally find that the students

learn more and that the courses are more enjoyable. Fink [13] indicated that the concept of active learning supports research which shows that students learn more and retain knowledge longer if they acquire it in an active rather than a passive manner. Activities should be chosen from each of the following three components of active learning, Information and Ideas, Experience and Reflective dialog. Information and Ideas include primary and secondary sources assessed in class, outside class or online. Experience includes doing, observing and simulations. Reflective dialog includes papers, portfolios and journaling.

*Step 4. Review, refine and improve*

Teachers should strive to continually refine their courses to make sure that their instructional techniques are in fact helping students develop critical thinking skills. Teachers should monitor the classroom activities very closely. Student participation should be tracked as well as a record of main activities and how well they worked. Student feedback can also be very useful to improving courses. Angelo and Cross [14] have provided methods for collecting key information related to student learning and response to instructional techniques.

*Step 5. Provide feedback and assessment of learning*

Teacher feedback, like assessment, compares criteria and standards to student performance in an effort to evaluate the quality of work. The purpose of feedback is to enhance the quality of student learning and performance, rather than to grade the performance, and importantly it has the potential to help students learn how to assess their own performance in future. Feedback allows the students and teacher to engage in a dialogue about what distinguishes successful performance from unsuccessful performance as they discuss criteria and standards. When providing feedback, teachers should be both thoughtful and purposeful. According to Wlodkowski and Ginsberg [15] teachers should provide feedback that is informational rather than controlling, based

on agreed-upon standards, specific and constructive, quantitative, prompt, frequent, positive, personal and differential.

### Conclusions

The basic message intended in this paper is that critical thinking should start as early as possible in a student's learning and extend all the way through the education process. Although universities do try to implement critical thinking for their students or even try remedial strategies, it is the contention here that it takes a long time before a student can apply critical thinking skills naturally – more time that they spend at university. Therefore, at the elementary and secondary levels of education teachers should give serious and thoughtful consideration to adjust their instructional methods and course delivery to include critical thinking skills in abundance.

### References

- 1 Claris, L. & Riley, D. (2013) *Situation critical: Critical theory and critical thinking in engineering education*. IEE Women in Engineering, June, -P. 32-36.
- 2 Maiorana, V. (1991) *The road from rote to critical thinking*. Community Review, 11, -P. 53 - 64.
- 3 Brookfield, S. D. (2012) *Teaching for critical thinking: Tools and techniques to help students question their assumptions*. Jossey-Bass, San Francisco, CA.
- 4 Facione, P. A. (2015) *Critical thinking: What it is and why it counts*. Insight Assessment Update.
- 5 O'Shea, J., Baillie, C. & Armstrong, R. (2012) *Developing critical thinking skills and an understanding of social justice in engineering education*. AAEE 2012 Conference, Melbourne, Australia, 3rd-5th December.
- 6 Aretz, A. J., Bolen, M. T. & Devereux, K. E. (1997) *Critical thinking assessment of college students*. J. of College Reading and Learning, 28, -P. 12-23.
- 7 Resnick, L. B. (1987) *Education and learning to think*. National Academy Press, Washington (DC).
- 8 Potts, B. (1994) *Strategies for teaching critical thinking in education*. ERIC Clearinghouse, Report No. ED385606, Washington (DC).
- 9 Bissell, A. N. & Lemons, P. R. (2006) *A new method for assessing critical thinking in the classroom*. BioScience, 56(1), -P. 66-72.
- 10 Bloom, B. S. ed. (1956) *Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals*. New York.
- 11 Paul, R. W., Elder, L. & Bartell, T. (1997) *California teacher preparation for instruction in critical thinking: Research findings and policy recommendations*. Foundations for Critical Thinking, Santa Rosa, CA.
- 12 Clasen, D. R. & Bonk, C. (1990) *Teachers tackle thinking*. Madison, WI: Madison Education Extension Program.
- 13 Fink, L. D. (2003) *A self-directed guide to designing courses for significant learning*, retrieved from <http://www.bu.edu/sph/files/2011/06/selfdirected1.pdf>.
- 14 Angelo, T. A. & Cross, P. K. (1993) *Classroom assessment techniques*. (2nd ed.), San Francisco, Jossey-Bass.
- 15 Wlodkowski, R. & Ginsberg, M. (1995) *Diversity and motivation*. San Francisco, Jossey-Bass.

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ – МЕКТЕПТЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

**Б.И. Жасағанбергенова**

№6 гимназиясы, Хромтау қ., Ақтөбе облысы

**Аңдатпа.** Мақалада «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения на основе национальной идеи «Мәңгілік Ел».

**Abstract.** The article discusses the issues concerning to the rising generations' spiritual and moral education based on the national idea «Mangilik El».

**Тірек сөздер:** Мәңгілік Ел, рухани-адамгершілік тәрбие, үштұғырлы тіл саясаты, салт-дәстүр, отбасылық құндылықтар, өлкетану.

**Ключевые слова:** Мәңгілік Ел, духовно-нравственное воспитание, политика трехязычия, традиции и обычаи, семейные ценности, краеведение.

**Keywords:** Mangilik El, spiritual and moral education, trilingualism policy, customs and traditions, family values, local history.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың перзенті.  
**Н.Ә. Назарбаев**

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету. Елбасының «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспарының 89-қадамында: «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу», – делінген. Бүгінгі таңда ұлттың жалпықазақстандық ділін, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отыра, зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру рухани-адамгершілік қасиеттер мен білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік, ұлттық сана-сезім мен толеранттылық, Қазақстанның этникааралық жағдайда қарым-қатынас жасай білуіне бағытталған. Біздің міндетіміз Мәңгілік елдің іргетасын

нық қалап, ел тағдырын жасайтын, ел бірлігін, ынтымағын, ауызбіршілігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеуде мәңгілік құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М. Шаханов: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – деген. 2014-2015 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатта: жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру қажет делінген. Рухани-адамгершілік тәрбие қоғам өмірінің нормалары және салт-санасымен келісілген тұлғаның өзіндік санасын, этикалық қағидаттарын дамыту, оның адамгершілік қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыру үшін жағдай жасауды болжайды.

№6 Хромтау гимназиясында тәрбиелік жұмыстар білім алушылардың жан-жақты дамуына, баланың рухани дүниесі мен

өзін қоршаған ортаның өзара үйлесімді байланысын қамтамасыз етуге, балалардың өмірлік өз жолдарын тануға, олардың азаматтық көзқарастарын қалыптасуына, гуманитарлық құндылықтардың негізінде жетілуіне, әрбір жасөспірімнің тұлғалық өсуін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге, өзіндік жолын табу еркіндігі болуына, табысқа жету жағдаяттарын тани алуына, өзіндік тәрбиеге ықпал етуге; жеке басының дамуына құрметпен қарауға бағытталған. Әрбір оқу-тәрбие жұмыстары Мәңгілік ел ұлттық құндылықтарын білім алушылар бойында нығайту мақсатында жүргізіледі.

Елбасы Қазақ елінің барлық азаматтарына бірнеше міндет артты. Сол міндеттердің бірі үштұғырлы тіл саясаты. Елбасы қазақ тілі біздің рухани негізіміз екенін, еліміздің болашағы қазақ тілінде екенін, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атай алатынымызды атап, ағылшын және орыс тілдеріне де терең мән беру алда тұрған міндеттердің бірі екендігін айтқан болатын. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Елбасының «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспарының 79-қадамында: «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру», - делінген.

Көптілдік – бұл уақыт талабы. Білім алушылар тіл арқылы ғаламдық құндылықтарды таниды. Шетел тілін оқыту үдерісінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру шеңберінде білім алушыны отбасылық қағидасына, туыстық сүйіспеншілік сезімге, кішіге қамқор болуға ұмтылуға, сондай-ақ басқа да халықтар өкілдеріне достық қарым-қатынаста рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді қалыптастыруға назар аударылған. Ағыл-

шын, орыс тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпы білімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге үйретеді. Ұстаздар қауымы ағылшын, орыс тілдерін ерте жастан оқыту арқылы, жақсы әрі еркін меңгертуге, сонымен бірге білім алушылардың интеллектуалдық, тәрбиелілік және рухани әлеуетін жақсартуына үлкен үлес қосуда. Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілін құрметтеуге бағытталған дәстүрлі Мемлекеттік тілдер мерекесі, «Оқитын балалар – Қазақстанның болашағы», «Бір ел – бір кітап» акциялары, «Мың бір мақал-жүз бір жұмбақ», «Өлең – сөздің патшасы», «Алтын қақпа», «Абай – Шәкәрім оқулары», Махамбет оқулары, «XXI ғасыр көшбасшысы» ойындары өткізіліп тұрады. Ісшаралар барысында үш тілде өлеңдер оқылып, ертегілер, сахналық қойылым, ролдік ойындар, әндер орындау арқылы білім алушылар өздерінің білімдерін үнемі жетілдіріп отырады.

«Рухы жоғары халықтың тарихы мәңгілік», – деген. 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтудеміз. Қазақстан Республикасының мейрамдарын мерекелеуде азамат және патриот тәрбиелеу, білім алушылардың көшбасшылық қасиетін жетілдіруге бағытталған ісшаралар өткізілді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Майданда туған жырлар» атты көркемсөз оқулары байқауы, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 90 жылдығына орай танымдық ісшара, «Сайыпқыран сарбаздар» атты әскери-патриоттық саптық байқау, «Ұрпақтарға ұран болған – Ұлы Жеңіс» атты мерекелік шаралар өткізіліп, соғыс және еңбек, тыл ардагерлеріне көмек көрсетілді. Балалар мен жастарда рухани-адамгершілік сезімді және көп ұлтты Қазақстан халқымен қарым-қатынасын мәдени-тарихи құндылықтарды көркем-эстетикалық

қабылдауы арқылы қабылдау санасын қалыптастыру мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Халықтар достығы» тақырыбында 5-11 сынып білім алушылары қабырға газеттері, «Тату елім – Қазақстан!» тақырыбында суреттер байқауы, 5-11 сыныптар арасында «Тіл – татулық тірегі» атты өзге ұлт өкілдері ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыс, Қазақстанда мекен ететін өзге ұлт өкілдерін таныстыру мақсатында «Қазақстан диаспоралары» атты альбом қорғау байқауы, «Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан!» атты фестиваль өткізілді. 1 мамыр күні өткізілген «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» атты аудандық мерекелік шарада көркемөнерпаздар ұжымы «Үздік өнер» номинациясына ие болды. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ хандығы: қайнар көзден бүгінгі күнге дейін» дөңгелек үстел, «Қазақ хандығының 550 жылдығы: тарихы және теориясы» конференция, спорттық ойындардан жарыстар ұйымдастырылып, көптеген ісшаралар өткізілуде.

Салт-дәстүр – халқымыздың келбеті, рухани мәдениетінің қазығы. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі. Ұлттық тәрбиенің феноменіне үш құрамдас: балаларда ұлттық қадір-қасиет, ұлттық мақтанш және ұлттық намыстың өзара әсері есебінен қол жеткізіледі. Өз халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін сақтауы мақсатында дәстүрлі «Халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрлері» атты байқау білім алушылар, ата-аналар арасында өткізіледі. Сонымен қатар 14 наурыздан бастап Ұлыстың ұлы күніне дейін барлық ұстаз, білім алушы, ата-аналар ұлттық киіммен келуі жақсы дәстүрге айналды. Білім алушыларды ұлттық өнерге баулу мақсатында қыз балалар арасында «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірмеге қатысушылар қазақтың ұлттық бұйымдарын жасап қана қоймай, моншақтармен,

түрлі-түсті қағаздармен жұмыстар жасап, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру «Жас Ұлан» міндеттерінің бірі. Білім алушы бойындағы көшбасшылық қабілетті анықтау, өзін-өзі жігерлендіруге, жетілдіруге үйрету мақсатында «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы және Гимннің, қазақ халқының мемлекеттік тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша байқаулар, «Менің жетістіктерім», «Мәңгілік ел болу үшін біз не істей аламыз?» атты сайыстары өткізіледі. Гимназиямызда «Сұңқар» патриоттық клубы, «Ұлағат» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубы, «Құбылнама» ақпараттық клубтары құрылған. Ай сайын білім алушылар бойында Мәңгілік ел құндылықтарын қалыптастыру мақсатында «Гимназия жаңалықтары», ер балаларға, қыз балаларға арналған кеңестер, «Өз елім менің», «Алаш ардақтылары», «Әлемде талай қызық бар», «Ұша білген қанатқа дүние кең» айдарлар бойынша «Құбылнама» ақпараттық газеті шығарылады.

Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда отбасының ролі зор. Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, Қазақстан халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрлері негізінде отбасылық құндылықтарды нығайту және ата-аналардың мектептің өміріне белсенді араласуын көздейтін «Толағай», «Күштілер турнирі» отбасылық спорттық сайыстар, «Менің отбасым» презентациялық сайыс, «Мәдениетті отбасы», «Менің отбасымның жақсы дәстүрлері», «Үлгілі отбасы» атты ісшаралар өткізіліп тұрады. Дәстүрлі өткізілетін ісшаралар «Мейірім» ата-аналар кеңесі, әкелер, аналар кеңесі, ақсақалдар алқасымен бірлескен түрде жүргізіледі.

«Жалпақ жұртыңды, исі алашыңды құрметтеу, алдымен өзің туған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады», - деген Елбасы.

Назарбаев Зияткерлік мектептері тәрбие жұмысының тәжірибесін енгізу мақсатында «Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясы құрылып, демалыс кездерінде білім алушылар Түркістан, Астана, Ақтөбе, Петропавл қалаларындағы тарихи жерлерге барып келді. Сонымен қатар, Хромтау ауданының 80 жылдығына орай Айдарлыаша жеріне экспедицияға шығып, тарихи жерді зерттеді. Аталған экспедиция білім алушылардың өзінің туған өлкесі жайлы білімдерін терең меңгеруіне, танымдық қызығушылықтарын артуына, өнегелілік қасиеттердің, қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуына, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімерін нығайтуға көмектесті.

Зияткерлік тәрбие – әрбір білім алушыға оның зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту мақсатында зияткерлік педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру формасы.

Ұлт жоспарының 77-қадамында: «Экономиканың алты негізгі саласы үшін он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату» делінген. Гимназиямызда білім алушылардың білімге

ұмтылысын дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға ықпал ету, талдау қабілеттерін дамыту, ғылыми зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір ғылым саласында өз білімін жетілдіруге арналған, өз интеллектісін дамытуға талаптанған «Озат» білім алушылар ғылыми қоғамы құрылды. Білім алушылардың бойларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын сіңіру, білімге ұмтылысын дамыту, нәтижелі түрде мамандық таңдауына, «өмір бойы білім алу» ұстанымымен жұмыс жасайтын мұғалімдердің «Шаңырақ» ғылыми-әдістемелік қоғамы көмектеседі. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Ақтөбе қаласындағы Қ. Жұбанов атындағы университетпен тығыз байланыста жұмыс жүргізілуде.

Н.Ә. Назарбаев: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін», - деді. Мәңгілік ел - ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. Олай болса біз Мәңгілік елдің іргетасын нық қалап, ел тағдырын жасайтын, ел бірлігін, ынтымағын, ауызбіршілігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеуде мәңгілік құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге тиіспіз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. Ресми мәтін. – Астана. – 2014. – 17 қаңтар.

2. Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институционалдық реформа». – Астана. – 2015. – 11 наурыз.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзі «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр». – Астана. – 2015. – 23 сәуір.

4. Ұлт жоспары – Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы. – Астана. – 2015.



## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕДЕГІ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

А.Т. Смағұл

№4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Қызылорда қ.

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру процесіне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізудің инновациялық тәжірибесі қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматривается инновационный опыт внедрения ценностей «Мәңгілік Ел» в образовательный процесс.

**Abstract.** The article discusses the innovative experience of implementation of national values «Mangilik El» in the educational process.

**Тірек сөздер:** Мәңгілік Ел, 100 нақты қадам, құндылықтар, азаматтық және патриоттық тәрбие, ұрпақтар сабақтастығы.

**Ключевые слова:** Мәңгілік Ел, 100 конкретных шагов, ценности, гражданское и патриотическое воспитание, преемственность поколений.

**Keywords:** Mangilik El, 100 concrete steps, values, civic and patriotic education, generation continuity.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған 2014 жылғы Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыздың Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің Ұлттық идеясы ретінде жарияласа, 2015 жылғы Жолдауда «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолға бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. «Мәңгілік Ел» - елдің біріктіруші, ешқандай таусылмас қуат көзі... Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!», - деп тұжырымдаған еді.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп табыстау деген сөз. Елбасы Жолдауында көрсетілген асқаралы міндеттерді абыроймен орындау – әрбір қазақстандықтың Отан алдындағы перзенттік борышы!

Қазіргі қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал

жиі талқыға түсетінін көріп жүрміз. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясын жаңғырта түскен 100 қадамның құндылықтарымен ерекше деп білеміз.

Ғылыми негізі: Елбасымыздың «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет бағдарламасы.

«Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек», - деп айтып кеткен болатын Елбасымыз өзінің Жолдауында.

Күтілетін нәтиже: Мемлекетті нығайту және ұлтты жаңғырту. «Асу бермес асқар жоқ» дейді қазақ даналығы. Қазақстандық жол біздің ұлтымызды бір мақсат пен ортақ арманға топтастырды. Қазақстанды жаңғырту – жаңаша тәсілдемелер ойлап табу біздің ортақ ісіміздің нық қадамы болмақ.

Негізгі мақсаты: «100 нақты қадам» – жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Елбасы белгілеп берген бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамын қамтыған Ұлт жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам (85-қадамнан 90-қадамға дейін) қалыптасқан елдік құндылықтарға жаңа серпін беруге негізделген. «Мәңгілік Ел» мегажобасының аясында қазақстандық қоғамның жаңа сапалық сипаттағы келбетін қалыптастыру, рухани-мәдени санаттағы құндылықтарымызды дұрыс түсіну, оны қабылдаудың тың үлгілерін жасау және жаһандық кеңістікке барынша танымал ету – Ұлт жоспарындағы «Біртектілік пен бірлік» бөліміне енгізілген қадамдардың басты идеясы.

Барлық ғажайыптарды жасайтын өзіміздің халқымыз. Оқу-тәрбие процесінде 79-89 қадамдар яғни білім берудің өзіндік мәні зор. Себебі әрбір адам – әрбір қызметкер сағаттың тетіктері тәрізді үйлесімді жұмыс жасағанда ғана зор табысқа жетеміз. Төменгі лауазымдардан бастау, іскерлік қасиеттер, жастарды жұмысқа алу тәртібі, тағы басқа мәселелер ол тек нәтижеге байланысты жүзеге асырылады. Тек нақтылық қажет.

Метептегі басты тұлға – мұғалім екендігі белгілі. Технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалімнің рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтынын халықаралық тәжірибелер көрсетуде. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білікті мұғалімдер, кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыған кемел ұстаздар тәрбиелей алады. Қазіргі таңда қоғамымыздың ең көкейтесті мұраттарының бірі білімді педагог кадрларды әзірлеу және қалыптастыру, оның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері білім беруді дамытудың басым бағыттарының біріне айналып отыр. Елімізде осы бағытта ауқымды шаралар атқарылып келеді.

Білім беру саласын модернизациялау кезеңіндегі негізгі мақсат – оның даму тұрақтылығына жағдай жасау болса, мұғалім білім саласының өзгеруіндегі негізгі тұлға болып саналады. Көп деңгейлі білім беру жүйесін жаңғырту үрдісінің алдыңғы шебінде орта білім беру саласы тұр. Бұл саланы түбегейлі жаңғыртуда көп деңгейлі курсты оқыған мұғалімдер, үш тілді маманданған мұғалімдер оқытудағы сындарлы ойлар арқылы оқушыға нақты білім беруді мақсат еткенде ғана оқушының идеясы мен білім-біліктілігін шыңдай алады.

Білім беру процесінде мұғалім мен оқушының тең қатысуы, оқушыға белгілі бір білім мөлшерін толығымен дайын түрінде емес, оның ішкі әлеуетін пайдалану арқылы сыни тұрғыдан игерту басты мақсат болып табылады. Сондықтан әрбір мұғалім үздіксіз кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқу-тәрбие процесіндегі инновациялардың табысты қадамды қандай болды деген сұрақ туындайды. Яғни «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру мақсатында біздің №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатымызда көптеген іс-шаралар, ғылыми жобалар, танымдық кештер мен сабақтар, зияткерлік жарыстар өткізу осы Жолдаудың бастамалары деп білеміз.

Мәселен, қоғамдық және география пәндер бірлестігінің «Тәуелсіз елдің рухы биік, өрісі кең» атты апталығының мазмұны мақсат-міндеттеріне сай оқытуда ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға «Тарихқа құрмет – ұрпаққа міндет» тақырыбында қазақ елінің тарихын бейне роликтер арқылы шығармашылық қабілеттерін ашуға және де әр түрлі формада бағытталған әдіс-тәсілдерді пайдаланып жүргізілді.

Негізгі мазмұны оқушылардың жалпы адамзаттық құндылықтар туралы мәліметтерді, адамзаттың тарихи, мәдени және рухани жолын түсінуін, адамның бүгінгі және болашақтағы мұраттарын

тереңірек түсініп қорытындылап, жүйелеу арқылы тұжырымдауын көздейді.

Мақсаты:

– оқушылардың білімі мен дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты тарихы бойынша білім беру;

– оқушылардың өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру;

– оқушылардың зеректік қабілетін дамытып ой-өрісін кеңейту, білімге деген қызығушылығын арттырып, ойды жүйелеу қабілеттерін дамыту. Өз ойын айта алатын зерделі, білімді тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- оқушыларға Қазақстан тарихы бойынша толыққанды, жүйелі білім беру;

- Қазақстан тарихы бойынша тарихи терминологияларды меңгерту;

- оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап-қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

- оқушыларды оқытылатын кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен саяси жетекшілердің қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру;

- оқушылардың қазақ және басқа да халықтардың мәдени мұраларына қызығушылығын қалыптастыру;

- оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дерек көздерінен қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру;

- жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;

- еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу;

- әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін

қалыптастыру.



«Дәуір үні» және «Сырға толы Қазақстан тарихы» тақырыбында әр сынып оқушыларының шығармашылық топтама кітапша жинағы шығарылды.

Мақсаты: оқушыларды шығармашылыққа шыңдап, зерттеп-зерделей білуге баулу. Сан қилы ғасырлардағы ата-бабаларымыздың өнегелі ісі мен ел аузындағы әңгімелерін оқып, өз ойларын қағаз бетіне түсіру. Жер, ел атауларының тарихи маңызын оқып үйрену. Өз туындыларын салып көрсете білу.

Негізгі идея: Қазақ мемлекетінің сан ғасыр бойы қалыптасу тарихындағы уақыт пен ұрпақтар сабақтастығын көрсету.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылар оқу пәнінен терең, толық, жан-жақты білім алып, бүгінгі күн талабына сай жан-жақты, мәдениетті, білікті азамат болуға талпынады;

- әдеби шығармаларды жан-жақты талдау дағдысын меңгереді;

- жеке өзіндік шығармашылығын шыңдайды, атап айтқанда шығармашылықпен айналысуға қадам жасайды;

- көркем әдебиет мәселелері туралы өзіндік пікірлері қалыптасады, оны өз бетінше жеткізе алуға машықтанады және зерттеу әдісін қолдану дағдылары қалыптасады;

- шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындай алады;

- интеллектуалды сайыстарға белсене қатысып, білімдерін шыңдайды;

- ақпараттық құралдармен жұмыс жасай алады.

Сондай-ақ «Тарихтың Ұлы көші – ел есінде» атты тарихи-танымдық сайыс өткізу барысында оқушыларға қазақ халқының даму тарихының белестері туралы оқу және Отанды құрметтеп, ауызбірлікте жұмыс жасауға тәрбиелене білуді мақсат еттік.

Күтілетін нәтиже:

✓ Оқушыларға ұлттық тарихымыздың өзіндік құнды ерекшеліктерін, патриоттық сезімдерін оятып, өркендетуге жол бастай алады біледі.

✓ Ұсынылған материалдардың құндылықтарын ажыратып, оқи біледі.

✓ Тарихи оқиғаларды бағалай отырып, өз ойларын ортаға салып айта алады.

✓ Қойылған сұрақтардың жауабына шешім шығара алады.

Негізгі идеямыз: Еліміздегі тарихымыздың құндылықтарын саралап

зерделей білу, Қазақстан Мәңгілік ел екендігін танып білуге ат салысу.

Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай ұйымдастырылған Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» кітабына арналған оқырмандар конференциясы өткізілді.

Мақсаты: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы мен қызметі туралы мәлімет беру, жазған еңбектерін талдап, мәнін түсіндіру, оқушыларды Отанын, халқын, жерін сүйге, батылдық, азаматтық, патриоттық рухта тәрбиелеу.

Негізгі идея: «Еуразия жүрегінде» кітабының мазмұнды тұстарын оқып білу.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар «Еуразия жүрегінде» кітабының мазмұнымен танысып, Тәуелсіз Қазақ елінің өткен өмір тарихын біледі. Әрбір тарау бойынша өз пікірлерін айтып, шешім шығара алды.



«Тәуелсіздік – тәңір сыйы» атты 9 сыныптар арасында өткізілген сайыстан үзінді көріністер



«Тарихтың Ұлы көші – ел есінде» атты интеллектуалды сайыстан көріністер





Мектеп-интернатының басшылығының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ерлікке тағзым» алаңы жабдықталды. Онда «Ұлы ерлік ұрпақтар сабақтастығы» атты тарих пәні мұғалімдерінің Ұлы Отан соғысына қатысты ерлік сабақтары және «Жауынгердің жалынды ұрпағымыз» атты жинақ кітап шықты. Онда мектеп оқушылары мен қызметкерлердің Ұлы Отан соғысына қатысқан аталары, тыл ардагерлері туралы мәліметтер жинақталған. Олардың ерен ерліктері мен майдан жолдары жан-жақты зерттеліп, көптеген тың деректер толықтырылған. Оқушылардың шығармалары және жүректен шыққан өлеңдері, эсселері ұсынылады. Бірлігі біте қайнасқан берекелі ұжым жинақтаған жаңа, тың деректер, патриоттық тәрбие дәйегі, рухани тағылым және жас ұрпақ үшін мол мұра болатынына сеніміміз мол. Бұл жинақ мектеп-интернат ұжымының Ұлы Жеңістің 70 жылдығына қосқан үлесі болмақ.

«Мәңгілік ел – Қазақстан!», «Қазақ Елінің Ұлттық идеясы – Мәңгілік елдігінде», «Елбасы Жолдауы – Ел таңдауы», «Ұлтаралық татулық пен бірлік мемлекеттің негізі», «Ұлы ерлікке ұрпақтар тағзым!» атты Елбасы Жолдауының аясында тарихитанымдық кештер жүргізілді.

Бұл шаралардың өткізгеннен кейінгі мұғалім мен оқушыдан қандай нәтижеге қол жеткізе алдық:

- Қазақелінің тарихи құндылықтарын терең зерттеп, өзіндік ойларын айта білді;
  - Елге деген жаңаша пікірлер қалыптастыра бастады;
  - Мәңгілік ел тарихына шығармашылық шабыттары ояна бастады;
  - Өзіндік шешім шығарып, тақырыптардың негізгі идеясына ұсыныс білдіре алды;
  - Өзіндік жағымды ұстаным қалыптастыра бастады;
  - Тапқырлыққа, тездікке, ойын жүйелі айтуға дағдыланды;
  - Негізгі проблемалық мәселелерді зерттей алатындарына көз жеткізе білді.
- Қорыта келгенде, «Кешегі күн – бүгінгінің баласы, бүгінгі күн – ертеңгі күннің атасы» демекші, түбінде Қазақ елін Мәңгілік Ел дәрежесіне жеткізетін тарихи сауатты ұрпақ болмақ.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана. – 2014. – 11 қараша.
2. Ұлт жоспары – Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы. – Астана. – 2015.

## **ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ**

**Н.Е. Қасымова**

№264 мектеп-лицей, Қызылорда қ.

**Аңдатпа.** Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселелері – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде педагог мамандар шешуші рөл атқаратындығы белгілі. Осыған орай, аталған мақалада қоғам талабына сай білім беру мен ұрпақ тәрбиелеудегі педагогтердің қызметі сөз болады.

**Аннотация.** Современное обучение ставит главной задачей воспитания подрастающего поколения – духовно-нравственное. В воспитании подрастающего поколения самыми главными являются такие качества как благотворительность, доброта и благодарность. Следуя этим ценностям, современный учитель должен готовить творчески мыслящего человека.

**Abstract.** The key issue of educating on new stage is to teach young generation the morality. Therefore, teachers key role is to bring up good qualities like moral, mercy and self confidence. In this regard this article deals with teachers function in the education in accordance with the requirements of the society.

**Кілт сөздер:** жеке тұлға, мұғалім, ұлттық педагогика, рухани құндылық, өзін-өзі тану.

**Ключевые слова:** личность, учитель, национальная педагогика, духовная ценность, самопознание.

**Keywords:** personality, teacher, national pedagogy, spiritual value, self-knowledge.

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуына игі ықпал ету, тұлға деңгейіне жеткізіп тәрбиелеу – ұлы міндет. Ал сол ұлы міндеттің жүгін арқалап жүрген ұстаздарға, яғни біздерге қойылған бүгінгі заман талабы да зор болмақ. Жаһандану заманында өзге елдермен білектің күшімен емес, білімнің күшіменталасар сәтәлдеқашан туды. Осы орайда қазақстандық білім беру мекемелері жалпыға ортақ білім берудің тиімді әдістерін ұйымдастыру, оқушыларды жан-жақты біліммен қамтамасыз ету, дарынды балалармен жұмыс жасау, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру сынды білім берудің заманауи үлгісін қалыптастыруда. Мектеп оқушыларының тұлға ретінде қалыптасуы үшін түрлі бағдарламалардың кешені бойынша білім беруде. Білім алушыларға мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған,

оқу ордалары жаңа технологиялармен толық қамтамасыз етілген деп айта аламыз. Алайда, заманның көшіне сай интернет ресурсының алдыңғы орынға шығуы, оқушылардың әдеби кітаптарды көп оқымауы, оның орнына әлеуметтік желілерге деген қызығушылық, мектеп жасындағы оқушылардың түрлі келеңсіз жағдайларға ұшырауы сынды мәселелер бүгінгі қоғамның ең осал дерті болып отыр. Өзекті мәселенің түйінін шешіп, дертіменен күресу – педагог мамандардың иығына артылған жүк. Олай болса, ұлы міндет қашан да ұлы күреспен ғана жүзеге асырылады. Ал ұстаздардың бас қаруы қашанда – білім мен тәрбие. Демек, алдыңдағы шәкіртіңе тек біржақты емес, көпқырлы білім беру әрі оны рухани тәрбиемен ұштастыру, оқушының бойына ізгі қасиеттерді дарыту «мұғалім» деген қасиетті маман иелерінің құзырында.

Бәрімізге мәлім болғандай, жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Бүгінгі таңда біздің алдымызда өмірге жан-жақты дайындалған ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, ізденімпаз, адами құндылықтары жоғары, білімді жеке тұлға тәрбиелеу мәселесі тұр. Жалпы рухани-адамгершілік тәрбие оқушылардың қоғамға, отбасына, білімге, еліне, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Сондықтан қазіргі мектеп өміріндегі тәрбие жұмысына қойылатын басты талап – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, бойына басқа да игі қасиеттер қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Осы қасиеттер бір адамның бойынан табылса, сол адамды «жеке тұлға» деп есептеу. Ал осыншама ізгі қасиеттермен білімді бір оқушының бойына дарыту, саналы, көзі ашық тұлға ретінде тәрбиелеу мұғалімнен асқан шеберлікті қажет етеді. Оқушылардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, дамыту бағыты қоғам талабынан туындаған қажеттілік. Өйткені әлем халқының алдында тұрған басты міндет те осындай, яғни қоршаған ортасына шапағаты мол, жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыру.

Оқушыларға рухани тәрбие беру арқылы алдымен тұлға қалыптастырып, одан кейін білімін жетілдірудің маңызды екендігін кезінде ұлы ойшылдарымыз айтып өткен. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген. Ал алаш қайраткері, ағартушы А.Байтұрсынов: «Баланы бастан

тәрбиелеу деген сөз – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу, сол дұрыс тәрбие болады», - деп қазақ баласының тәрбиесіне аса қатты мән берудің қажет екендігін басты назарға қойған [1]. Бұл пікірмен сабақтас ойды Міржақып Дулатовтан да кездестіреміз: «Жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру». Демек, бұл айтылған пікірлерден шығатын қорытынды: жас ұрпақты біліммен сусындату, ұлттық тәлім-тәрбиені қатар игерту, саналы ұрпақ тәрбиелеу ұлтымыздың болашағы үшін аса маңызды.

Білімді, адамгершілікті, тапқыр, кез келген жағдайда дербес шешім жасай алатын, ынтымақтасуға және өзара іс-қимылға қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адам тәрбиелеу мәселесі жыл сайынғы Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу Мемлекеттік бағдарламасынан және т.б. аса маңызды құжаттардан да орын алуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жастар тәрбиесі – басты мақсат. Ұстаз – бір елдің болашағы үшін жасайтын киелі мамандық иесі. Оның парасатты жүріс-тұрысы, мәдениеті, ішкі жан дүниесі, киім-киісі – бәрі баланың назарында», - деген. Қазіргі кезде ұстаздар қауымының алдында тұрған міндет – жастарға рухани тәрбие беру. Сондықтан білім беру үрдісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үрдісінің өзегі болып отыр.



Бәсекеге қабілетті өзгерістерге бейім жеке тұлға тәрбиелеу ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде мүмкін екендігі белгілі. Осы орайда мамандар: «Мұғалім деген киелі мамандықтың иелеріне қойылар заман талабы білімді, білікті, сонымен қатар рухани құндылықтарын байыта отырып тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, мектеп қабырғасында оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау – мұғалімнің кәсіби шеберлігінде», - деп есептейді [2,130]. Демек, қоғам бүгінгі оқу-ағарту саласынан ізгілікті адамгершілік тұрғыдан жаңартудың міндеттерін жүзеге асыра алатын жаңа тұрпатты, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу және қалыптастыру қажеттілігін талап етіп отыр.

Жалпы танымдық түсінік бойынша, рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, қоршаған ортадағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайтындығы мәлім. Ал адамгершілік – адамның рухани байлығы, ізгі қасиеті. Болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам іспетті. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары қарым-қатынастарында көрінеді.

Педагог мамандар үшін адамгершілік тақырыбы – мәңгілік тақырып деп айтар едім. Жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді сіңіру, әрі оны біліммен ұштастыру – мұғалімнің міндеті. Шәкірттерімізге жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұялата білсек, жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының

қалыптасуына ықпал еткеніміз, жасаған жұмысымыздың нәтижесі болмақ.

Бүгінгі таңда білім бағдарламасына сай жүргізілетін әрбір пәннің негізінде оқушыларды тәрбиелей отырып оқыту, оқыту үрдісін ізгілендіру – дәстүрлі қалыптасқан жүйе болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру – тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз үрдісі» делінген [3]. Демек, барлық білім беру мекемелерінде білім мен рухани тәрбие қатар жүргізілуі тиіс, мұғалім партада отырған оқушыға қандай пәнді игертпек болса да, оны тәрбиемен ұштастырып отыруды естен шығармау қажет. Ал мектеп бағдарламасына кейінгі жылдары қосылған «Өзін-өзі тану» пәнінің оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі орнын ерекше деп айтар едім. Бұл пән – әмбебеп, ерекше пән десек те болады. Рухани-адамгершіліктің қайнар көзі саналатын аталмыш пән оқытушыға да жан-жақты болуды қажет етеді. Себебі, сүйіп таңдаған мамандығымыз біздерге әрдайым ізденуді, жан-жақты болуды қажет етеді. Ғалым И.А. Зимняя әйгілі «Педагогикалық психология» атты еңбегінде: «...мұғалім, педагог мамандығы, дәрігер мамандығы сияқты ең көне мамандықтардың бірі. Онда ұрпақтар сабақтастығының мыңжылдық тәжірибесі жинақталған. Шын мәнінде, педагог – бұл ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені тасушы. Халықтың қоғамдық-мәдени тұтастығы, жалпы өркениет, ұрпақтардың мираскерлігі көп жағынан Мектеп - Мұғалім рөлімен шартталған», - деп бағалаған [4,315]. Бұл орайда ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы айтқан «мектептің жаны – мұғалім» деген пікірі де жоғарыда айтқан пікірді де толықтыра түсетін тәрізді. Себебі оқушыға жан-

жақты білімді беру де, оған адамгершілік, ізгі қасиеттерді дарытушы да – мұғалім. Ал оны ұйымдастыру жолдары мен әдіс-тәсілі, яғни жалпы педагогикалық әдістемесі ұстаздың шеберлігіне байланысты. Өйткені педагог маманның атқарар қызметі де күрделі әрі жауапкершілігі мол міндеттерге толы. Бұл біздерге күнделікті тәжірибемізден белгілі. Тек білім беріп қана қоймай, тәрбие ісіне де аса ыждаһаттылықпен қарамасақ, жіберілген кемшілік бала бойынан өмір бойы көрініп тұруы мүмкін. Мысалы, тұлға ретінде қалыптасқан азамат өз бойында белгілі бір кемшіліктің барын білгенмен, одан арыла алмауы мүмкін немесе сол кемшілікті қалай жұқтырғаны туралы ойланбауы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда тәжірибелі ұстаз шәкіртінің бойындағы кемшіліктерді байқап, оны жоюдың жолдарын балаға білдірмей ұсына білуі қажет. Шәкіртінің бойынан кемшілікті көрген ұстаз өзінің қай жерден қателескенін немесе келесі бір оқушыда мұндай қателікті болдырмаудың жолдарын іздестіреді. Сондықтан біздерге, үнемі ізденісте, қозғалыста, даму үстіндегі дербес, еркін жасампаз тұлға болу – өмірдің өзі қойған талаппен бірдей. Ұлы педагог К.Д. Ушинский «мұғалім оқу үстінде болса ғана өмір сүреді, ол қалай оқуды тоқтатса, оның бойында мұғалім өледі», - деп бекер айтпаса керек.

Сонымен, жоғарыда аталған «Өзін-өзі тану» пәні арқылы оқушыларды тұлға деңгейіне жеткізу, саналы ұрпақ етіп тәрбиелеуге қатысты педагог мамандардың да, методист ғалымдардың да тәжірибелері бүгінгі таңда қолданысқа енгізілуде. Аталған пән арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілік, ізгі қасиеттерге тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Осы пән оқытушы маман-

нан да жан-жақты болуды қажет етеді, себебі «Өзін-өзі тану» – тарихпен, әдебиетпен, мәдениетпен т.б. тығыз байланыста отырып жүргізілетін пән.

Адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашан да халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді баланың бойына жасынан сіңіре білсек – адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Осы орайда айтпағым: «Өзін-өзі тану» пәні арқылы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде біздің халқымыздың ұлттық құндылықтары, төл әдебиеті, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі арқылы тәрбиелеу жемісті боларына сенім мол. Себебі біздің әрбір салт-дәстүріміз, мақал-мәтелдеріміз, фольклорлық жырларымыз, ырым-тыйымдарымыздың барлығы да тұнып тұрған білім. Сондықтан оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, ең алдымен оның өз тарихын, әдебиетін, салт-дәстүрін білуге, құрметтеуге тәрбиелеу деген сөз. Сонда ғана саналы ұрпақ халқының әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін сүйіп, оның терең мәнін түсіне алады. Жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуының, дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алары анық. Сондықтан Қазақстанның білімді де саналы жарқын жастарын тәрбиелеуде, оларға білім, білік дағдыларын қалыптастыруда «мұғалім» деген мамандық иелерінің қызметі ерекше. Ғасырдың басында-ақ П.Ф. Каптерев: «оқыту ахуалында мұғалім бірінші орынды алады, оның қандай да бір сапалары оқытудың тәрбиелік ықпалын жоғарылатады немесе төмендетіп отырады», – деп көрсеткен.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндет-

терінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. 12 жылдық білім тұжырымдамасының басты мақсаты да осы: «...өзінің және қоғамның мүддесі үшін өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі орташа өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру».

Қорыта келе, біздерге, сала мамандарына қойып отырған бүгінгі заман талабы аса зор. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де саналы, парасатты, өз елінің патриоты бола алатын, ұлттық

құндылықтарымыз бен ұлттық ізгі қасиеттерімізді бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу – біздің үздіксіз жүргізетін жұмысымыз бен міндетіміз болмақ. Себебі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз тұрғызатын қоғам, арды бағалайтын, белсенді жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек» - деп, білім саласын болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне көңіл бөлуіне бағыттады. Сондықтан біздер үшін бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің кірпіші болып қаланатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. *Бес томдық шығармалар жинағы*. Алматы, 2003 ж.
2. С. Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы, педагогика сериясы. № 3, 2015 ж.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы// Алматы 2010.
4. Зимняя И.А. *Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық/Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова*. М.:Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.



## ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**А.Т. Мұратбеков**

*Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру саласындағы кадрларды аттестациялауда шетел тәжірибелерінің ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, аттестация өткізуге байланысты шет елдердің тәжірибелерін білім саласында пайдалануды көздейді.

**Аннотация.** В статье рассматривается опыт аттестации педагогических кадров в системе образования зарубежных стран. В связи с проведением аттестации в области образования предлагается использование опыта зарубежных стран.

**Abstract.** The article deals with the experience of certification teachers in foreign educational system. Also in connection with the certification in the field of education are invited to use the experience of foreign countries.

**Тірек сөздер:** кәсіби даярлау және дамыту, аттестациялау ерекшеліктері, сертификациялау және ресертификациялау.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка и развитие, особенности аттестации, сертификация и ресертификация.

**Keywords:** training and development, features certification, certification and recertification.

Білім беру мекемелеріндегі мамандарды бағалау дегеніміз толық болжамдаудың бөлігін білдіреді. Бұл барлық елде бар және ол педагогикалық қауым үшін өте жақсы кәсіби-кандидаттарды таңдауға және жақсы мамандарды даярлауға кепіл болуға, өте жақсы мамандарды қолдауға және олардың білім мекемелеріндегі жұмысын сақтап қалуына, жұмыста жақсы көрсеткіштерге жету мақсатында өз біліміндерін жетілдіруіне арналған тетік болып саналады. Сонымен қатар, құзіреттілігі мен жұмыс сапасы төмен және өз жұмысының сапасын жақсартпайтын, жақсартқысы келмейтін мамандар аттестациялаудың қорытынды нәтижесі бойынша жұмыстан босатылады.

Еуропа елдерінде және АҚШ-та жаңа әдістер мен кең жақты міндеттемелермен педагогикалық мамандарды бағалаудың толық жүйесі қалыптасқан. Сонымен қатар, бағалау құралдары мен әдістерін оның мазмұнын қалыптастыруда бағалаушылардың өздерінің рөлінің жоғарылағандығы байқалады. Мысалы, АҚШ-та бағалау жүйесі бір он жылдықта енгізілген

жоқ. "Шет елдердегі білімдегі мамандарды аттестациялау және бағалау" деп аталатын жұмыстарында авторлар американдық зерттеушілер Л.Дарлинг-Хэммонд және Д. Стаффилбимдердің еңбектеріне тоқталып өтеді [1, 2]. Онда белгілеп көрсетілгендей, Құрама Штаттарда өткен ғасырдың аяғында басталған мектептерді аккредитациялау барысындағы қозғалыстарды есептегенде ХХ ғасырда білім беру саласында бағалау аясындағы үш ірі қозғалыстар болды.

Білім беру мазмұнының стандарттарын жасау бойынша және оқушыларды аттестациядан өткізу бойынша қабылданған қадамдар білім беру сапасын жоғарылатуда және мектептердің тиімділігі жөнінде айқын нәтиже бермеді. Осыған байланысты білім беру саласындағы зерттеушілер мен басшылардың арасында және қоғам арасында мықты мұғалімдер мен әкімшілік корпусын жасамай білім беруде жоғары деңгейге жету мүмкін емес деген пікір қалыптасты. Осыдан барып 1979 жылы көпшілік тұрғындардың сұранысымен Гэллап Институтында жиын өткізіп, мектеп-

терді жақсы нәтижелерге жеткізу мәселесі қаралды. Көпшілікпен жүргізілген сауалнаманың нәтижесіне сүйенер болсақ, мектептерде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жаңарту, негізгі пәндерді өтуге аса мән беру, мектеп менеджментін жақсартудың қажеттілігі туындайтынын көрсетеді.

АҚШ-та педагогикалық мамандарды бағалаудың тиімділігін арттырудың кешендік бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламада педагогикалық факультетке және педагогикалық оқу орындарына түсуге арналған жоғары сапалы стандартты тесттер бар және сертификациялау мен ресертификациялау кезінде кәсіби құзіреттілікке тест жүргізу қарастырылған. Мұғалімдердің кәсіби қызметін ағымдық бағалау үздіксіз педагогикалық білім берумен байланысты немесе кәсіби біліктілікті арттыруды тұрақты түрде кәсіби тұрғыда дамытып отыруға байланысты. Мысалы, кейбір штаттарда бакалавр дәрежесі бар мұғалімдерден төлем баспалдағы бойынша жылжи отырып ресертификациялауға арналған шарттарды міндетті түрде орындауына талап қойылған, яғни олар 10 жыл аралығында магистр дәрежесін алулары тиіс.

Ұлыбританияда педагогикалық мамандарды бағалауға деген қарым-қатынасты өзгерту мектептегі ішкі басқаруда көрініс тапты. 2005 жылы зерттелген 233 мектептің 22 пайызы ендігі жерде қолданыстағы ағымдағы бағалау жүйесі болып құрылды және мектептің 33 пайызы соған бағытталды. Ал 2007 жылдары мектеп ішіндегі бағалау механизмдеріне жалпы мектептердің 48 пайызы тіркелген [3]. Педагогикалық мамандарды ресми түрде аттестациядан өткізуді енгізу ұсыныстары мұғалімдер одағы тарапынан теріс көзқарастарға тап болды және білім беру ұйымдарының басшылары да теріс пікірде болды. Осыған байланысты педагогикалық еңбекті бағалау процесінің мектеп ұжымының арасындағы психологиялық климатқа кері әсерін тигізіп, күйзеліс жағдайына әкеліп соға ма деген ой туындады. Сонымен қатар, қандай да сапаны бағалау критерийі қолданылса да әрдайым педагог еңбегінің көптеген қыр-

лары тікелей бағалауға келмейтіндіктен қала береді және объективті түрде бағалауға қол жеткізудің мүмкін еместігі белгілі болды.

Осыған байланысты 1997-1999 жылдар аралығында осы мәселелерге аймақтық зерттеу жүргізілген болатын. 200-ге жуық мектеп директорлары мен 1700 мұғалім бағаланды. Нәтижесінде аттестациялаудың жалпы ұстанымдары мен ісшаралары және бірқатар ережелері анықталды. Осыған орай жергілікті басқару ұйымдарына мамандарды бағалау жөніндегі алынған ақпараттарды өз қажеттіліктеріне барынша пайдалануларына мүмкіндік берді.

Осындай ұсыныстардың негізгі қағидалары келесідей:

- бағалау дегеніміз жекелеген әрекеттер емес, керісінше тұрақты жүйеленген процесс, ол әрбір педагогті кәсіби тұрғыда дамытуға көмектесуі қажет;
- бағалау тек қана мұғалімдерге ғана қолданылмайды, сонымен қатар, білім берудегі педагогикалық және басқарушы мамандарға да қолданылады;
- бағалау жүйесін құрған кезде мұғалімнің кәсіби дамуына және мұғалімнің кәсіби мүмкіндігін анықтауға, кәсіби тұрғыдан кездесетін қиындықтарды жеңуге қолдау білдіру және бағалау критерийлері мен оның мазмұнын жасау процесіне мұғалімді қатыстыруға бағдарлануы тиіс.

ГФР-дің білім беру жүйесіндегі ағылшын тілді қарама-қайшылық бойынша басшылықты жасақтауға ең алдымен басымдықтар беріліп, жекелеген ұйымдарға жауапкершілік жүктейді. Федералды үкімет жауапкершілігіне кәсіпорындарда кәсіби дайындықты реттеу, жоғарғы білімнің жалпы принциптері жайлы заңнама аясында қабылданған зерттеулер мен жалақыға, зейнетақыға, жәрдемақыға қатысты заң аясында қабылданған шешімдер мен білім беру саласына тиесілі ұйымдарға берілетін субсидияны реттеу жатады. Білім беруді басқару жүйесі мен педагогикалық мамандардың қызметін бақылау осы мамандардың жұмыс істейтін оқу мекемелерінің түріне байланысты бірінші және екінші

деңгейлі білім беруді басқару орындары арқылы жүзеге асады [4,5].

Жоғарыда атап көрсеткен мемлекеттер сияқты білім саласы қызметкерлерін бағалау, нәтижесінде білім беру ұйымдары ұсынған білім беру сапасын арттыру мақсатына қызмет етеді. Яғни, федералды үкіметтің саясаты білім беру ұйымдарын білікті мамандармен тиімді қамтамасыз етуге бағытталған. Оларды кәсіби дайындығы мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес, кәсібилігін тұрақты өсуіне ынталандыруға сәйкес қолдану ұсынылады. Педагогикалық қызметтің әртүрлі кезеңдерінде оны бағалап бақылау нысанына абитуриенттер, студенттер, сынақ мерзіміндегі мұғалімдер, штаттағы мұғалімдер, ізденушілер, біліктілікті арттыру курстары мен семинарларын тыңдаушылар, әртүрлі қызметке үміткерлер жатады. Бағалау процедураларын емтихан қабылдайтындар мен басқару ұйымдары директивті және нормативті ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Педагогикалық және басқарушылық мамандарды бағалауда көптеген дәстүрлі әдістер мен соңғы жылдары пайда болған әдістер қолданылады. «Жұмыс орнында» мектеп басшылары мен мұғалімдерді бағалау процесінде осы әдістердің бірқатары өздерінің ерекшеліктерімен қолданылады. Өзгелері (емтихан және тест) сертификаттау мен лицензиялау кезінде бағалауға қолданылады. Осы әдістер мұғалімдерді бағалауда, әкімшілерді бағалауда қолданылуы мүмкін (мысалы, бақылау немесе бағалаудың рейтингтік шкаласы). Ал қалғандары тек мұғалімдерді бағалауда қолданылады (мысалы, оқушыларды тестілеу нәтижелері).

Шетелдік тәжірибені талдау қорытындысы бойынша педагогикалық мамандарды аттестациялау жүйесі бірқатар елдерде әкімшілік-оқытушылар құрамының кәсіби өсуін ынталандыруға және толығымен білім беру жүйесін заңмен бекітілген құралдармен басқаруға мүмкіндік беретіні айқындалды. Сонымен қатар, біздің жүр-

гізген талдауымыз көрсеткендей, АҚШ пен Еуропа елдеріндегі басшы мамандардың ғылыми-педагогикалық қоғамы білім берудегі мамандарды бағалауды жетілдіру бойынша тұрақты түрде жаңа міндеттемелерді іске асыруда. Бұдан басқа ГФР-де осы елдің ғылыми қызметкерлерінің пікірі бойынша аттестациялау жүйесі алға қойылған міндеттермен толық деңгейде сәйкес келмейді, сондықтан ағылшын тілді елдерде педагогикалық мамандарды бағалау процедурасы бойынша сыни ескертулер орын алуда. Осылардың барлығы аттестациялау жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында ұйымдастырушылық-әдістемелік шаралар мен жаңа концептуалды тәсілдерді іздеуге ғылыми-педагогикалық қауымды бағдарлайды. Әсіресе осындай жұмыс АҚШ-та белсенді түрде жүргізілуде, олар барлық зерттеушілермен келісе отырып, білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің кәсіби сапасын болжау жүйесін жасау аясында көшбасшы болып отыр. Дегенмен бұл елдегі педагогикалық қауымның пікірі бойынша аттестация жүргізу процесінде бірқатар кемшіліктердің пайда болуы аттестация өткізуге қиындықтар тудырып отыр (кейбір жағдайларда бейресмилік пен процедураның өзінің объективтілігі бойынша кемшілік жақтары айтылды).

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мәселелер еліміздегі білім беру жүйесінде білікті мамандар қалыптастырудың маңызды құралы ретінде педагог мамандарды аттестациялау механизмдерін қолдану кезінде кездеседі. Сонымен қатар, шет елдің білім беру жүйесіндегі аттестациялау ерекшеліктері мен оны жүзеге асыру механизмдерін Қазақстанда кеңінен пайдалануға мол мүмкіндік бар деп санаймыз. Республиканың аттестациялау жүйесі бағалаудың бірыңғай жаңа жүйесі мен талаптарының енгізілуіне байланысты Қазақстанда аттестация жүргізудің ерекшеліктері мен шет елдердің тәжірибелерін ескеруі қажет.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдіразақов Е. *Адамгершілік, имандылық тәрбиесі.* -Шымкент 1994.

2. Stufilebeam D., Nevo D. *Principal Evaluation: New Directions for Improvement* // *Peabody Journal of Education*, 1993, vol. 68, no. 2.
3. *The Personnel Evaluation Standards: How to Assess Systems for Evaluating Educators*. - Newbury Parc, 1988;
4. Тихонова М.Г. *Объединенная Германия: образовательная политика*// *Педагогика*. - 1994. - N 12.

УДК 378.046.4

## О ТЕХНОЛОГИИ ТЕХНОЛОГИЧНОМ ПОДХОДЕ В СПК

**Б.Ч. Жалмагамбетова, О.П. Заречная, Л.В. Рыжкова**

филиал АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Павлодарской области, г. Павлодар

**Аңдатпа.** Мақалада технология деген анықтамаға байланысты әртүрлі амалдар қарастырылған, технологиялық тәсілдерді қолдану негізінде біліктілікті арттыру жүйесінің оқыту үдерісінің сапасын басқару ерекшеліктері көрсетілген, технология ұғымына сәйкестігін анықтайтын бағалау өлшемдерінің жүйелері ұсынылған, жетекші дидактикалық принциптерге баса назар аударып отырып олардың құрылымына талаптар қойылған.

**Аннотация.** В статье рассматриваются разные подходы к определению технологии, отражены особенности управления качеством процесса обучения в СПК на основе использования технологического подхода, представлены критерии оценки систем на предмет их соответствия понятию «технология», требованиям к их построению с акцентом на ведущие дидактические принципы.

**Abstract.** The article covers various approaches to “technology” definition, peculiarities of implementing technological approach in managing the quality of learning process in the professional development system. The article also demonstrates assessment criteria for system conformity to the notion of “technology” as well as their structuring requirements focusing on leading didactic principles.

**Тірек сөздер:** педагогикалық технологиялар, біліктілікті арттыру жүйесі.

**Ключевые слова:** педагогические технологии, система повышения квалификации.

**Keywords:** educational technology, system training.

*Если есть процесс, то есть и технология его осуществления*

Любой вопрос, касающийся системы образования, связан с понятием «качество». Качество выступает как проблема и как задача, решение которой требует разработки соответствующих мер. Время диктует новые стандарты качества, что определяет направления поиска действенных мер для его достижения.

Роль СПК в условиях обновления содержания образования, модернизации системы оценки качества образования возрастает, о чем свидетельствует анализ ответов слушателей на вопрос «Из каких источников Вы получаете информацию

об изменениях в системе образования?». Около 70% слушателей отмечают, что основным источником не только получения информации об изменениях, но и базой, на основе которой они овладевают необходимыми умениями для работы в изменяющихся условиях, является институт повышения квалификации педагогических кадров.

Важным является и тот факт, что в настоящее время условия (уровень ППС, материально-техническая база, оснащенность) деятельности филиалов значительно улучшены, что предопреде-

ляет и позитивные изменения, как в процессе организации курсовой подготовки, так и в результатах. В ответ на вызовы времени меняется тематика и содержание курсов, программы имеют модульный принцип построения, четко определяются приоритеты развития, меняются и подходы к проведению занятий.

В свою очередь качество процесса зависит от уровня технологической компетентности ППС, его знания и умений

использовать современные подходы, методики, технологии для организации процесса обучения, в котором слушатель мотивирован к самостоятельным действиям по приобретению новых знаний и умений. В соответствии с моделью эффективности обучения Д. Киркпатрика, главным критерием эффективности курсов должна стать готовность педагога к переходу от этапа «реакции и обучения» к «поведению» и «результатам».



Модель оценки эффективности обучения Д. Киркпатрика

СПК необходимо концентрировать внимание на достижение 3 и 4 уровней данной модели (поведенческого и результативного), где речь идет о влиянии обучения на достижение запланированных результатов.

Такой вывод изначально определяет необходимость и актуальность рассмотрения вопроса об уровне технологической оснащенности курсовых занятий и уровне соответствующей компетентности ППС в использовании описанных в науке или разработанных самостоятельно технологий. Это

актуализирует и проблему разработки механизмов выбора, освоения и внедрения технологий в практику работы всех филиалов.

Значимость технологизации образовательного процесса возрастает с учетом происходящих процессов обновления содержания образования и пониманием роли ППС как фасилитатора, т.е. управляющего учебным процессом.

Для выполнения поставленной задачи относительно классификации технологий, используемых в системе повышения квалификации, считаем



важным определиться с самим понятием «педагогическая технология», ответить на вопрос, в чем её отличие, определить признаки, позволяющие исключить разное понимание решения данной задачи.

2. К вопросу о понятии «педагогическая технология», её сущности и отличительных признаках.

Как мы знаем, вопросы использования технологий в учебном процессе являлись и являются предметом изучения многих ученых.

М.В. Кларин, один из авторов статей и пособий по проблемам технологизации учебного процесса, высказывал мнение о том, что «технологизация учебного процесса связана с поиском дидактических подходов, которые могли превратить обучение в «производственно-технологический процесс с гарантированным результатом» (Кларин М.В., *Инновации в мировой педагогике обучения на основе исследования, игры и дискуссии (Анализ зарубежного опыта)*-Рига: РНПЦ «Эксперимент», 1995, С.9).

В.В. Гузеев говорит о технологическом подходе в образовании в связи с тем, что образование приобрело массовый характер, в котором проявляются черты производственного процесса. По его словам «Назначение образовательной технологии – гарантировать некоторый нижний порог вероятности достижения успеха для обучаемых. Чем выше порог, тем выше качество технологии». (Гузеев В.В. *«Теория и практика интегральной образовательной технологии*. – М.: Народное образование, 2001.-224 с.)

По мнению В.М. Монахова «Педагогическая технология – это продуманная во всех деталях модель совместной педагогической деятельности по проектированию, организации и проведению учебного процесса с безусловным обеспечением комфортных условий для учащихся и учителя».

Г.К. Селевко считает, что технологический подход позволяет оптимально использовать имеющиеся

ресурсы, предсказывать результаты и управлять педагогическим процессом (Селевко Г.К. *Энциклопедия образовательных технологий: В 2 т. Т.1.- М.: НИИ школьных технологий, 2006 г.-816 с.*).

В этом и есть главное предназначение технологии – управление, соуправление и самоуправление образовательным процессом, что предполагает документально зафиксированную последовательность реализации управленческого процесса, определяющую его состав, очередность, содержание составляющих его операций (Куркин Е.В. *Технологизация образования – требование времени// Школьные технологии, 2007. №1. с.22-23*).

Существуют разные трактовки самого понятия «педагогическая технология» у разных авторов. Это и:

- «содержательная техника реализации учебного процесса» (В.П. Беспалько);

- «системный метод создания, применения, определения всего процесса преподавания и усвоения знаний с учетом технических и человеческих ресурсов и их взаимодействия, ставящей своей задачей оптимизацию форм образования» (ЮНЕСКО);

- «правила организации деятельности и выбора средств её осуществления» (В.В. Гузеев).

Г.К Селевко называет технологию и наукой, и системой способов, и самим процессом обучения.

По определению Б.Т.Лихачева: педагогическая технология-это совокупность приемов, психолого-педагогических установок, предполагающий определенный набор и компоновку форм, методов, способов, приемов обучения, воспитательных средств; она есть организационно-методический инструментарий педагогического процесса.

По определению ЮНЕСКО педагогическая технология – это системный метод создания, применения и определения всего процесса преподавания и усвоения знаний с учетом

технологических и человеческих ресурсов и их взаимодействия, ставящий своей задачей оптимизацию форм обучения.

В энциклопедическом словаре «Образование и наука» под редакцией Ж.К. Туймебаева (1) педагогическая технология определена как упорядоченная система действий с точно заданными целями, выполнение которых посредством оригинальных методик обучения позволяет сделать учебный процесс полностью управляемым.

Из данных определений следует, что любая педагогическая технология связана с оптимальным построением и реализацией образовательного процесса - деятельностью преподавателя и обучаемого, с учетом гарантированного достижения дидактических целей посредством использования оригинальных средств, методов и форм обучения.

Все ученые сходятся в одном – краеугольным камнем всех технологий является планирование результата как диагностично, так и операционно выраженных целей и непрерывная диагностика результативности процесса образовательного процесса (Бершадский М.Е., Гузев В.В. *Дидактические и психологические основания образовательной технологии*. – М.: Центр «педагогический поиск», 2003. – 256 с.).

Исследователи отмечают, что работы в данном направлении не прекращаются более 40 лет, а психологическая концепция, положенная в основу педагогической технологии как образовательной парадигмы, создана П.Я. Гальпериним.

Суммируя различные подходы к определению педагогических технологий, мы определили технологию как систему, основным свойством которой является организация педагогической деятельности, закономерно обеспечивающей реализацию в образовательном процессе поставленных целей и достижение гарантированного результата.

В нашем понимании педагогическая технология – это научное проектирование

и точное воспроизведение определенной последовательности способов педагогического взаимодействия, гарантирующей достижение запланированного результата или создающей условия для его достижения.

В качестве существенных признаков, отличающих технологии от других систем, **называют:**

- наличие диагностических и однозначно поставленных целей (Почему и для чего?);

- наличие диагностируемых результатов обучения (Что ожидаем?);

- наличие закономерности структурирования взаимодействия субъектов педагогического процесса, на основе которой проектируется последовательность действий (Кто? Как?);

- система средств и условий, гарантирующих достижение педагогических целей (С помощью чего?);

- средства объективного оценивания процесса и результатов деятельности учителя учащихся (Так ли это?).

В качестве признаков, по которым можно отличить технологии, называют и такие, как:

- наличие научного проекта, целостно описывающего все закономерности и природу учебного процесса;

- операционная постановка цели обучения;

- целостность дидактических процессов;

- объективная оценка результатов обучения;

- стопроцентное достижение цели обучения всеми учащимися, по крайней мере, на обязательном уровне (Исмагулова С.К. «Технологизация учебного процесса общеобразовательной школы»// Педагогика. № 7. 2007.С. 38-42.).

Важнейшей чертой технологии выступает четкое планирование ожидаемого результата деятельности и ориентация на его достижение.

При этом главным является то, что если нет алгоритма действий, то нет и

технологии. Технологический процесс всегда предусматривает определенную последовательность операций с использованием необходимых средств (материалов, инструментов) и условий.

При этом однозначно, для того, чтобы гарантировать результаты, необходимо еще до начала обучения определить:

- ожидаемые результаты;
- ключевые показатели;
- методы измерения и оценки.

Педагогическая технология включает в качестве обязательной составляющей получение обратной связи на уровне сравнения поставленной цели и результата с проведением корректирующих процедур. Методика выбирается учителем с учетом личностных качеств, технология ориентирована на особенности обучающихся (Гузеев В.В. *Можно ли построить полностью детерминированный образовательный процесс.* // Школьные технологии 2000. № 1 с.252-266).

Это отличительные признаки, которые позволят более четко вести работу по классификации и систематизации педагогических технологий, применяемых в СПК.

Технология отличается от методики именно своей алгоритмичностью и нацеленностью на определённый диагностируемый результат, и при этом она не сводится к алгоритму как точной репродукции действий, так как учитывает и допускает в определенных пределах творчество педагогов и обучающихся.

И, что очень важно, технология должна быть воспроизводимой и гарантировать достижение результатов (Исмагулова С.К. *Как технологизировать процесс обучения: Методическое пособие.* – Алматы: ИПК ПКСО, 2009. – 150 с.) стр. 29.).

Учителя в большинстве своем не видят особого различия между методикой и технологией, тогда как в методике учителю предлагалось готовое тематическое планирование, а «...в технологии сначала технологизируются наши представления о цели обучения. Главное в технологии –

цель достигается или цель не достигается, отсюда и эффективность технологии» [1].

3. Научные подходы к классификации педагогических технологий

В.А. Сластенин классифицирует педагогические технологии на технологии обучения и технологии воспитания.

Г.К. Селевко выделяет классы педагогических технологий по уровню применения, по философской основе, по научной концепции.

Есть и другая классификация технологий, автором которой он является, а именно по признаку позиции ученика в образовательном процессе (авторитарные, дидактоцентрические, личностно-ориентированные, технологии сотрудничества, технологии свободного воспитания, экзотерические).

В.П. Беспалько предлагает классификацию, основанную на различных видах взаимодействия учителя и ученика.

Для того, чтобы составить перечень педагогических технологий, используемых в СПК, необходимо не только выбрать основную идею с учетом актуальности, приоритетов, отвечающих требованиям времени, но и учесть специфические особенности обучения взрослых, описанные в науке.

Это как с таксономией: необходимо определиться, в соответствии с каким подходом к определению уровней будет строиться система оценки планируемых результатов.

Каковы основные положения теории обучения взрослых? В ответе на данный вопрос рассматриваются две модели обучения: педагогическая и андрогогическая.

В андрогогической модели ведущая роль принадлежит самому обучающемуся. Взрослый обучающийся – активный субъект процесса обучения, при этом и равноправный. У него есть опыт, он ориентирован на решение проблем. В педагогической модели учебный процесс ориентирован на приобретение знаний впрок. Основные различия между двумя

моделями обучения были выявлены основоположником андрогогики М.Ш. Ноулзом.

Названы и принципы, которые распространяются только на модель обучения взрослых.

В их числе – опора на самоорганизацию, опыт обучающегося, определенность его социальной роли, что обеспечивает практическую значимость получаемых знаний и умений, обучение строится в целях формирования новых образовательных потребностей с учетом происходящих процессов обновления и приоритетов развития системы образования.

В чем должен заключаться результат деятельности системы повышения квалификации? Ответ на этот вопрос принципиально важен.

При отсутствии как такового методического стандарта учителя мы можем с учетом происходящих процессов обновления содержания образования, приоритетов государственной политики в области образования прогнозировать результат деятельности СПК.

Название нашего объединения АО НЦПК «Өрлеу» – восхождение педагога к новым знаниям и умениям через развитие навыков самооценки, самообразования, самореализации, навыков проектирования образовательного процесса, гарантирующего включенность самого обучающегося в познавательную деятельность и достижение планируемого результата – обозначает контуры предполагаемого уровня профессиональной компетентности педагога.

Наличие программ курсов, в которых описаны цели обучения, прогнозируемый результат с учетом содержания и тематики курсов, методы и формы обучения уже делает процесс обучения в СПК в определенной степени технологичным.

И действительно, в формате подготовки и организации курсов:

1) программами предусмотрено однозначное и диагностичное определение целей обучения, взаимосвязь теории и практики;

2) имеются в наличии ресурсы и соответствующая материально-техническая база;

3) предусмотрены объективные методы оценки результатов обучения;

4) обеспечивается разработка проекта по теме курса с последующей возможностью воспроизведения этого проекта в педагогической практике;

5) обеспечивается ориентир на специфику категории слушателей, имеющих профессиональное образование, опыт работы и реальный уровень квалификации, индивидуальные образовательные потребности, особенности и способности обучаемых на всех этапах построения и реализации процесса обучения.

Но, для того, чтобы говорить о конкретной технологии необходимо дополнительно предусмотреть четкую определенность действий профессорско-преподавательского состава и слушателей в логике разворачивания темы курса, по выполнению определенных операций на каждом этапе процесса обучения, т.е. то, что, при корректном выполнении, приводит к высоковероятностному достижению поставленных целей обучения. Технологическая цепочка педагогических операций (алгоритм), должна включать оперативную обратную связь, позволяющую своевременно и оперативно корректировать процесс обучения, вследствие чего и обеспечивается гарантия качества управления учебным процессом и достижение планируемых результатов.

Выводом из вышесказанного можно считать, что при выборе технологий, применяемых в СПК, необходимо пользоваться определенным набором признаков и характеристик.

Первое. Любая педагогическая технология должна удовлетворять основным методологическим требованиям - критериям технологичности, в числе которых:

1. концептуальность;
2. системность;
3. управляемость;
4. эффективность;
5. воспроизводимость.

Перечисленные критерии технологичности определяют структуру педагогической технологии, которая включает в себя три части:

1. концептуальная основа;

2. содержательный компонент обучения;

3. процессуальная часть – технологический процесс.

<b>Концептуальная часть</b>	<b>Содержательная часть</b>	<b>Процессуальная часть</b>
<p>- это научная база технологии, т.е. психолого-педагогические идеи, которые заложены в ее фундамент.</p> <p>- это система знаний об инструментарию достижения целей, об эффективности процесса обучения и т.п</p>	<p>цели – общие и конкретные, а также содержание учебного материала</p>	<p>представлена системной совокупностью следующих элементов: организация учебного процесса; методы и формы учебной деятельности учащихся; методы и формы работы преподавателя; деятельность педагога по управлению процессом усвоения материала; диагностика учебного процесса</p>

Следует ещё раз особо подчеркнуть, что педагогический процесс осуществляется как технология только в том случае, если его цель и результат описываются:

- 1) точно;
- 2) конкретно;
- 3) диагностично.

Это важное утверждение. По В.П. Беспалько, цель диагностична, если есть строгое, точное описание формируемых знаний, умений, свойств личности, позволяющее отличить их от всех других; для выявления диагностируемых знаний, умений, свойств есть инструмент измерения их сформированности; имеется шкала для их оценки.

Таким образом, в числе важных классификационных характеристик педагогических технологий:

- уровень применения;
- философская основа;
- целевые установки и ориентации;
- основной фактор развития личности;
- научная концепция усвоения знаний;
- позиция обучающегося в педагогическом процессе;
- особенности содержания образова-

ния (ориентация на личностные структуры, объем и характер и т.п.);

- преобладающий метод обучения;
- формы педагогического процесса;
- категория обучающихся, на которых рассчитана технология;
- управление педагогическим процессом (диагностика, планирование и т.п.).

Анализируя педагогическую технологию, следует обратить внимание и на ее программно-методическое обеспечение: учебные планы и программы, учебно-методические пособия, дидактические материалы, наглядные пособия и технические средства обучения; диагностический инструментарий.

#### Второе

Один полный цикл педагогической технологии (педагогического взаимодействия) включает следующие процессы:

- педагогическое диагностирование;
- постановка диагностируемых целей и задач;
- конструирование, проектирование педагогического взаимодействия субъектов между собой и со средствами обучения и воспитания;

- реализация спроектированного педагогического взаимодействия;  
 - управление, то есть анализ, оценка, сравнение результата с целью, коррекции.

Все вышеназванное можно представить в виде схемы технологизации образовательного процесса в СПК.



В схеме отражены специфические признаки технологизации образовательного процесса в СПК:

1. обеспечивает предварительное проектирование образовательного процесса с последующей возможностью воспроизведения этого проекта в педагогической практике;
2. основывается на связи теории с практикой;
3. содействует рефлексии педагогом собственного процесса преподавания;
4. ориентируется на специфику слушателей, имеющих профессиональное образование, опыт работы и реальный уровень квалификации педагога;
5. учитывает возрастные (ориентация на обучение взрослых) и индивидуальные

потребности, особенности и способности обучаемых на всех этапах построения и реализации технологии.

При этом предполагается возможность управления учебным процессом, которая способствует повышению эффективности процесса обучения и мотивации, обеспечивает психологическую комфортность обучения, а главное, результат.

При изучении данного вопроса, в процессе анализа различных позиций в отношении, как трактовки понятия «педагогическая технология», так и её отличительных признаков, важно достичь понимания в главном – различии технологий в СПК и технологий, используемых педагогами организаций образования в учебно-воспитательном

процессе. Именно такая позиция и отражена в выше представленной модели.

Необходимо при ответе на поставленный вопрос «Описать технологии в СПК» учитывать то, что образовательные программы составлены по модульному принципу и рассчитаны на 72-80 часов, что предполагает, во-первых, участие нескольких лекторов из состава ППС, во-вторых, ограниченное количество времени на рассмотрение различных тем каждого модуля.

Учитывая все вышеназванные аргументы, можно сделать вывод о том, что для системы повышения квалификации педагогических кадров есть смысл говорить не о технологии, а о технологизации процесса повышения квалификации педагогов. В данном контексте есть смысл говорить о технологии конструирования образовательного процесса, включающей

анализ, диагностику, определение прогноза и разработку проекта деятельности, как результат, проект в виде плана серии учебных занятий по определенному модулю или тематике учебно-тематического плана.

При таком подходе не будет важно для СПК – это технология, система или концепция. Для нас будет важно, сможем ли мы описать технологическую цепочку операций (действий), строгое соблюдение которых даст возможность достичь планируемый результат. И этот результат заключается не в завершении курсов, а в осуществлении перехода от этапа «реакции и обучения» к «поведению» и «результатам» в профессиональной деятельности в послекурсовой период на основе полученных в процессе обучения компетенций (по Д. Киркпатрику).

#### **Список литературы:**

1. *Образование и наука. Энциклопедический словарь. (гл. редактор Туймебаев Ж.К., редколлегия: Абылкасымова А.Е., Бекбоев И.Б., Алматы: 2008. – 448 с.).*
2. *Селевко, Г. К. Социально-воспитательные технологии / Г. К. Селевко. – М.: НИИ школьных технологий, 2005. – 176 с.*
3. *Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология в действии. // Начальная школа. – 1994. № 4. – С. 33-41.*
4. *Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.*
5. *Кларин М.В. Развитие «педагогической технологии» и проблемы теории обучения. // Советская педагогика, 1984 г, № 4, -С. 117–122.*
6. *Эрдниева Ц.М. Укрупнение дидактических единиц как технология обучения. – М.: Просвещение. 1992. - 162 с.*
7. *Андюсов Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей // Директор школы. - №4, 2010. – С. 61 – 69.*
8. *Рейнгольд Л.В. За пределами CASE – технологий // Компьютерра. -2000. - № 13-15. – С. 80-92.*
9. *Епишева О. Что такое педагогическая технология// Школьные технологии, 2004. № 1. С. 31-36.*
10. *Гузеев, В. В. Планирование результатов образования и образовательная технология / В. В. Гузеев. - М.: Народное образование, 2000. – 240 с.*
11. *Ильина, Т. А. Системно-структурный подход к организации обучения / Т. А. Ильина; вып. 1. - М.: Знание, 1972. – 72 с.*
12. *Исмагулова С.К. Как технологизировать процесс обучения: Методическое пособие. – Алматы: ИПК ПКСО, 2009. – 150 с.).*

## БЕЛСЕНДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТІ КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН АНЫҚТАУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

**Г.Б. Нурадин**

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты,  
Мониторинг және педагогикалық зерттеулер орталығы, Тараз қ.

**Аңдатпа.** Мақала студенттердің педагогикалық практикасына арналған. Көптеген студенттер педагогикалық практика кезінде өзінің болашақ кәсібінің жағымды да жағымсыз да тұстарымен бетпе-бет келеді. Олардың айтуынша, педагогикалық практика кезіндегі мектеп ұжымының қатынасы, ұйымдастырылу жұмыстарының қолайсыздығынан кәсіптің тартылымдылығы жоғалады. Мақалада осы проблемаларды анықтау, жетілдіру, болдырмау және алдын-алу бойынша зерттеу жұмысы келтірілген.

**Аннотация.** Статья посвящена педагогической практике студентов. Многие студенты во время педагогической практики сталкиваются с реальными проблемами, такими как заполнение классного журнала, составление плана урока, выбор подходящей методики, отношения с коллективом и т.д. В статье приводятся исследования по этой очень важной и острой проблеме.

**Abstract.** The article is devoted to pedagogical practice of students. Many students are facing real problems in teaching practice, such as filling in a class magazine, drawing a lesson plan, the choice of a suitable method, the relationship with the team, etc. The article presents a study on this very important and sensitive issue.

**Тірек сөздер:** Педагогикалық практика, сауалнама, респондент, сараптама, зерттеу.

**Ключевые слова:** Педагогическая практика, анкета, респондент, анализ, исследование.

**Keywords:** Pedagogical practice, the questionnaire, the respondent, analysis, research.

ЖОО-да оқып жүрген студент үшін практиканың маңызы зор, әсіресе болашақ педагог мамандар үшін басты арена – мектеп. Студент-практиканттың мектеп жүйесіне сіңуі, ұжымды қабылдауы, оқушылармен қарым-қатынас түзуі, сыныпты игеруі, озық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық құзіреттілігін ұтымды пайдалануы, теориялық білімін практикамен ұштастыруы, алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауы оның болашақ педагог болып қалыптасуының бірнеше ғана факторлары. Педагогикалық практика кезіндегі аталмыш факторлардың дұрыс қалыптаспауы студенттің өз мамандығына деген сүйіспеншілігін азайтып, екпінін төмендетеді. Осы ойды негізге алып ТарМПИ (Тараз мемлекеттік педагогикалық институты) жанынан 2015-16 оқу жылынан бастап «Мониторинг және педагогикалық зерттеулер» орталығы ашылды. Аталмыш орталық «Белсенді педагогикалық практи-

ка арқылы студентті кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдары» атты кешенді зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу жұмысының мақсаты:

1. Белсенді педагогикалық практиканың ұйымдастырылу және жүргізілу деңгейі;
2. Студент-практиканттардың педпрактикаға теориялық дайындығы;
3. Педпрактиканың маңыздылығы студент көзімен;
4. Педпрактика өтуге белгіленген мектеп пен басқа мекемелердің студент-практиканттарға деген қатынас деңгейі;
5. Бітіруші түлектердің былтырғы белсенді педпрактика туралы әсерлері;
6. 3 курс студенттерінің педпрактикаға дейінгі болжамдары;
7. 3 курс студенттерінің практика кезіндегі жетістіктері мен қиыншылықтары;



8. Педпрактикадан кейінгі әсерлер мен қорытындылау процесінің қыр-сыры;

9. 3-4 курс студенттерінің талап-тілектерін ескере отырып жасақталған және педпрактика жұмысын жандандыруға бағытталған ұсыныстар;

10. Медиа жоспар: жинақ шығару, мақалалар шығару.


Педагогикалық зерттеу жұмысының әдістері: 4 курстар үшін 1 реттік, 3 курстар үшін 3 кезеңдік сауалнама, жеке және топтық сұхбаттар, бақылау, тиісті орындардан деректер жинау, корреляциялық анализ, салыстырмалы талдау, пайыздық талдау.

Бұл зерттеу жұмысы 6 айды қамтыды.

1 диаграммада көрсетілгендей 3 және

4 курс студенттерінен 792 рет сауалнама алынды, 90-ға жуық студенттермен оқытушылардан құралған респонденттерден жеке және топтық сұхбат алынып сараланды. Үш кезеңдік сауалнамадан өткен басты назардағы 124 респондетіміз 29 нысанда сынамадан өтті. Атап айтсақ, қалалық 13 орта мектеп, 6 балабақша, 3 мектеп-интернат, 1 балалар үйі, 1 Қазақстан психологтер ассоциациясының филиалы, 1 соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектебі, 4 аудандық орта мектеп.

1 диаграмма



Зерттеу ұзақ уақытты, оңтайлы әдістерді, тынымсыз еңбекті және ашықтық пен жариялымды талап етеді. Мұндағы мақсатымыз зерттеу жұмысының жүргізілу барысы және нәтижелерімен ең бірінші өз ұжымымыздың таныс болуы, жоспарға сәйкес жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі 6 педагогикалық жоғары оқу орындары арасында тарату.

Қазіргі реформаланған білім беру жүйесі кемшіліктер мен олқылықтарды тығып, көрсетпеді құптамайды, керісінше, проблемаларды анықтап оның шешу жолдарын ашық түрде талқылауды ұнатады. Бүгінгі күн талабы ашықтық пен айқындық.

Бұл зерттеу жұмысының жүргізілуіне ТарМПИ-ның әрбір мүшесінің үлесі бар, сондықтан да ол біздің білім берудегі сапамыздың артуына айтарлықтай ықпал ете алады. Жалпы зерттеу жұмыстарының аз жүргізілуіне байланысты дағдылық және шынайылық жағынан кедергілер де аз емес, дегенмен қандай да бір реалды болжамдар, анығырақ картина бар. Бұл зерттеу жұмыстары қандай да бір балансқа, бірізділікке алып келеді деп сенеміз. Зерттеу деректер жинау, талдау, сапалық және сандық тәсілдер шеңберіндегі әрекеттер, сұхбаттар, ахуалды саралау, үлгілер құрастыру, материалдарды өңдеу сынды

ғылыми-зерттеудің әдістемелік тұстарын бере алады. Мазмұнда көрсетілген әрбір тақырып өзіндік жұмыс, шығармашылық ізденіс нәтижесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде адасушылық пен қателіктер тым көп болды. Мұның өзі бізді көбірек ізденуімізге итермеледі, сонымен қатар, зерттеумен айналысып жүрген бірқатар жас ғалымдармен біріктірді. Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас ғалымдары арқылы Луи Коэн, Лауренсио Манион, Кит Моррисон сынды ғалымдардың редакциялық алқасынан шыққан және Давид Скотт пен Робин Учер сияқты авторлардың зерттеу саласындағы тың материалдарымен танысу мүмкін болды.

Зерттеу нәтижелері айқындағандай жоғарғы курс студенттерінің көпшілігі педагогикалық процестегі мақсат қою технологиясын жеткілікті білмейді. Олардың аналитикалық іскерліктері қалыпты дамымаған, сәйкесінше, ол оқушылармен қарым-қатынасқа түсуде өзінің кері ықпалын тигізеді. Атап айтсақ, балалармен алғашқы контактты қалыптастыру, сыныппен қарым-қатынасқа түсудегі оптималды стратегия мен тактиканы білмеуі, ситуациялардың өзгеруіне жылдам икемделе алмауы және оны басқарып игере алмауы, проблемалық міндеттерді шешуде стандартты емес тәсілдерді ойлап таба алмауы, сөйлеудегі қиындықтар, өзінің эмоционалдық сезімін бере алмау, бір рөлден екінші рөлге оңай ауыса алмауы, яғни әлеуметтік рөлдерді қажеттілікке байланысты өзгерте алмауы, жас мөлшерін есепке ала қатынасқа түсе алмауы, т.с.с. Осы аталған кедергілер жас мұғалімнің жемісті еңбек етуіне, оқыту мен тәрибиелеуді жоспарлау процесіне айтарлықтай теріс ықпал етеді. Бірақ біз бұл кедергілердің алдын ала аламыз, оның бірден-бір құралы – белсенді педагогикалық практика.

Зерттеу жұмысына деген дайындық жан-жақты әрі ұзақ ізденісті талап етті. Себебі ТарМПИ-да педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын арнайы орталық болмаған. Сондықтан да біз қалай, кіммен, қашан және не арқылы

жұмыс істейміз деген сұрақтар аясында ізденістер жасадық. Мақсатқа жету үшін оны қалай қойған жөн, студенттің шынайы жауап беруі үшін сауалнама сұрақтарын барынша түсінікті, әрі нақты етіп қалай құрастыру керек деген сынды көп мәселелермен бетпе-бет келдік. Зерттеу қағидасы бойынша мәселелерді ашқан сайын олар жеңілденудің орнына керісінше күрделене түседі. Тақырып аясын анықтау кезіндегі жеңіл мәселелер қатарына жататын нысандардың қабаттары пайда болып, оларға үңіліп қарау, мұқият зерделеу қажеттілігі туындайды. Зерттеу нысаны анықталған кезден бастап студенттің педагогикалық практика туралы нақты ойын анықтау мақсатында оларға үш кезеңді сауалнама жүргізу идеясы пайда болды.


Бірінші «практикаға дейінгі» сауалнаманың мақсаты аясында студенттің белсенді педагогикалық практиканы қалай елестетіні, бұрынғы белсенді емес педагогикадан қалған тәжірибесі немесе жағымды-жағымсыз естеліктері, теориялық, психологиялық, эмоционалдық, әдістемелік дайындық деңгейлерін т.б. дағдыларын анықтау.

Екінші «практика үстіндегі» сауалнаманың мақсаты аталмыш дағдылардың практика барысында қалай жұмыс істеп жатқанын анықтау.

Үшінші «практикадан соң» сауалнаманың мақсаты әдепкі сауалнамаға түйіндеме жасау, олардан педагогикалық практика туралы толыққанды картина шығару. Бірақ толық картинаға тек 3 курстардың пікірі азшылық етуі мүмкін еді, сондықтан да біз институтымыздағы 4 курс студенттерінің әрбір мамандық бойынша 10-15 % сауалнама жүргізуді жөн көрдік.

Институтымыздағы статист мәлімдемесі бойынша 2015-2016 оқу жылында ТарМПИ-да 836 студент 4 курста оқиды. Сауалнамаға 5 факультеттен 428 респондент қатысты, жалпы алғанда ТарМПИ-дағы 4 курс студенттерінің 51,1% құрап отыр.

Жалпы 428 респонденттің 193-і өз пікірлерін білдіріп белсенділігін танытса,



40-тан астам студент бірін-бірі толықтай қайталаған, 191-і ешқандай пікір білдірмей қалыс қалған. Респонденттердің басым көпшілігі яғни 90 % жоғары педагогикалық практикаға теориялық тұрғыдан дайын, студенттік Ережемен жақсы таныс екендіктерін, студенттік күнделік, есеп, ашық сабақ жоспары, ғылыми және кәсіби бағдарды қалай орындау қажеттіліктерін толықтай орындай алатындарын көрсеткен. Жалпы пайыздық талдаманың нәтижесі жоғары, бірақ респонденттердің пікірлері бұл көрсеткішті дәлелдей алмайды. Пікірлер сараптамасында бірталай шешілмей тұрған мәселелердің ұштары көрінеді. Сондықтан да біз пікірлерді жеке сараптап, көтерілген мәселелерді бекіту мақсатында топтық сұхбат жүргізуді ұйғардық. Бұл тәсіл еуропалық зерттеулерде көп кездеседі. Осылайша әртүрлі мамандықтағы 4 курс студенттері арасында 30 топтық жұмыс жүргізілді. Әр топта 3-тен 7-ге дейін студенттер болды, демек максималды 210, минималды 90 студент аралығы қамтылды. Қамтылған студенттердің жалпы пікірлері бойынша белсенді педагогикалық практиканы өту аса тиімді, дәл осы педпрактика арқылы олардың болашақ кәсібіне деген сүйіспеншіліктері оянған немесе өз мамандығының

қызықты да қиындығы мол екенін түсінген. Сонымен бірге, педагогикалық практика арқылы мұғалім мамандығының тартымдылығы артқан, оны игерудегі білімнің, өзін-өзі ұстай білудің, жас жеткіншектердің психологиясын игерудің, дүниетанымының кең болу керектігін жақсы түсінген. Әрине, кемшіліктер де жоқ емес, оның бір қатары портфолиоға тікелей қатысты. Сауалнама нәтижесінде де портфолионың қаржылық жағынан тиімсіздігі, портфолионың көшірілетіні және оны өздеріне қайтарымайтындығы туралы пікірлер болған. Ауызша сұхбат кезінде дәл осы мәселелер тағы да көтеріліп, бұл мәселенің оңтайлы шешімін табу қажеттілігі орын алды.

Респонденттер пікірін тұжырымдап, портфолио мәселесін тереңірек зерттеу мақсатында институтымыздағы 22 бітіруші түлек шығаратын кафедра бойынша 76 портфолиоға сипаттамалық және салыстырмалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде біршама кемшін тұстар анықталды. «Портфолио» сөзі итальян тілінен аударғанда «құжат толы папка» немесе «маман папкасы» деген аудармаға ие. Сондықтан да оның іші студент-практиканттың ең үздік жұмыстарына толы болуы тиіс және онда қандай да бір кемшіліктерге орын жоқ.

Нәтижесінде оңтайлы шешімге алып келетін бірқатар ұсыныстар берілді.

Идеямыздың және алға қойған мақсатымыздың қолжетімді болуы үшін 3 курс студенттерімен кездесіп, сауалнама алды немесе түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындады. Бұл негізі зерттеу жұмысын одан сайын күрделендіру болатын, себебі әдетте, сауалнаманы респонденттерге тарату алдында ауызша немесе жазбаша формада рұқсат сұралады да, олар сауалнамаға жауап береді. Өкінішке орай, біздің қоғамда зерттеу жұмыстарына, сауалнамаларға шынайы жауап беру, олардың қоғамдық пікірді анықтайтын бірден-бір құрал екендігін түсіну дағдысы қалыптаспаған. Осындай маңыздылығы жоғары жайтты ескере отырып, біз сауалнама алмас бұрын студенттермен кездесіп, олармен топтық жұмыстар жүргізу арқылы зерттеу жұмысының маңыздылығын түсіндіру және олардан рұқсат алуды көздедік. Кездесу барысында студенттер тарапынан сұрақтар өте көп болды. Олардың басым көпшілігі шындықты айтудан жалтаратындықтарын жеткізді, оның басты себебі, салдарынан қорқу.

Алғашқы педагогикалық «практика алды» сауалнамада екі факультеттен 123 респондент қатысты. Респонденттердің 72,5% өздерінің педпрактикаға дайын екендігін айтады да, 44,3% педпрактиканың ең басты құжаты Ережемен таныс емес екендігін айтады. Өз пікірін білдірген респонденттер Ереженің мүлдем көрмегендерін, шын мәнінде де өз құқықтарын білмейтіндерін жазды.

Респонденттердің тең жартысы практика алдында өздерінің қандай әдіс-тәсілдерді қолданып сабақтар жүргізетінін ойластырмаған, яғни педагогикалық практикаға дайындықсыз бара жатыр дегенге саяды. Бұл да бір біздің студент-практиканттарымыздың педагогикалық практикаға деген селқостығын, сәйкесінше нәтиженің төмендігін білдіртеді. Әйтсе де респонденттердің басым көпшілігі болашақта өзінің жақсы мұғалім болатынына сенімді және 98,3% бұл ойдың бекуіне белсенді педагогикалық

практиканың үлесі мол екендігін мойындайды.

Респонденттердің «практика үсті», яғни педагогикалық практика өтіп жатқын мекемелеріне барып алу, мәселелерді жергілікті орында анықтау мақсаты болатын. Бұл екінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 124 респонденттің 121-і ат салысты, қатыса алмаған респонденттің бірі оқудан шығарылған болса, екеуі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шет елге оқуын жалғастыру мақсатында кеткен. Демек, біздің үшінші кезеңдік сауалнамада да респондент санының кемуі мүмкін деген болжам бар.

Респонденттердің 55,3% сабақ мақсатын оқушылар үшін қоятынын айтса, оқыту мақсатында 52,8% практикалық, 40,49% көрнекілікті тиімді тәсіл деп санайды екен. Өкінішке орай, 27,2% респондент оқушыны жақсы көру керектігін алға тартты. Бұл көрсеткіш туралы үлкен жұмыс істеу қажет, себебі мұғалім алдындағы оқушының физиологиялық ерекшелігіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан жақсы көруі керек. Үлкен ықыласпен дайындалып махаббатпен берілмеген білім балаға сіңбейді. Осы сауал бойынша 47% респондент пәнін жақсы көру керек деген ұсынысты қолдаған. Бұл көрсеткіш респонденттердің жартысына жетуге жақын және ол дұрыс бағытта ойлайтындар қатарын көрсетіп отыр. Егер маман өз пәнін жақсы көрмесе, онда ол пәнді оқушыларға меңгертуге құлықсыз болады. Жаңашыл ойға жүгінсек, әрбір мұғалімнің меңгерген пәні оның сатқалы отырған тауары іспетті. Ол өз тауарын клиентке қаншалықты жақсы жағынан көрсетіп, оның сапасына басты назарын аударта білсе ғана, тауары тез сатылады, сәйкесінше ол мол байлыққа кенеледі.

Бірнеше нұсқа белгілеуге мүмкіндік беретін төртінші сауал нәтижеге бағытталған. Жауаптар ішіндегі ең басымдылық танытып 84,2% жинаған «мақсатқа жету» болатын, демек респонденттеріміз орындалу мүмкіндігі бар қолжетімді, нақты әрі айқын мақсат қоя алса, оған жетуге деген ұмтылысты жоғарғы көрсеткіш дәлелдеп

түр. Ең аз 16,5% көрсеткішке ие болған «білу мен істей алу әрекеттерінің сапасы» жауабы «Блум таксаномиясының» үшінші, әрі ең маңызды бөлігі алған білімді қолдана білу сатысына сәйкес келеді. Демек, біздің респонденттеріміз, дәл осы маңызды бөлікте өздерінің осалдықтарын білідіріп отыр, сондықтан да олар үшін бұл қажеттіліктің маңыздылығы төмен.

Респонденттеріміз сабақ өткізерде сынып артықшылығын ескеретіні хақ, бірақ бұл сауалнамада барлық көрсеткіштер теңдей үлеске тиесілі. Оның ішінде баланың жеке даралық қасиеті мен сыныптың дайындығы бірдей көрсеткіште. Осы сауалдың логикалық жалғасы «Сіздің сабақ өткізер кездегі бірінші мән беретін ерекшеліктеріңіз қандай?» деген сауалға 11 жауап ішінен үш ретке дейін белгі соғу мүмкіндігі берілген болатын. Нәтижесінде респонденттеріміздің 61,9% көңіл-күйдің жоғары болғанын қалағандықтан бірінші орынға шықты, 49,5% ұйымдастыру қабілетін екінші маңыздылыққа балаған, есесіне коммуникативтілік 4,1% жинап ең аз пайызға ие болды. Аз пайызға ие болғандар қатарында импровизация жасай алу қасиетім деген жауап та бар. Бұл жауаптар нәліктен аз пайызға ие болды, олардың терминдік сөздермен берілгендігі үшін бе, әлде шынымен де болашақ педагогтер үшін бұл қасиеттер аса маңызды емес пе деген заңды ой туындады. Осы ойды жетілдіру мақсатында 1-ші кезеңдік сауалнамадағы «Оқушы тарапынан қойылған оқыс сұраққа бірден жауап бере аламын деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жүгіндік. Онда респонденттеріміздің 53,2% иә десе, 39,5% жоқ деп жауап қатқан. Демек, респонденттеріміз айқындап отырғандай біздің студенттердің бойында импровизация жасай алау қасиеті кемдік етеді. Осыған орай, қисынды ойлауға үйрететін логика пәнін немесе педагогикасы аясындағы элективті пәндерді енгізу, жалпы студенттердің қисынды ойлауына, ұтқырылық танытуына көңіл бөлу керектігі анықталып отыр.

Төмен пайызға ие болған коммуникативтіліктің де өзіндік дәлелі бар. Бірінші кезеңдік сауалнама ішіндегі «Оқушылар-

ды бір көргеннен өзіңе баурап алатыныңа сенімдісің бе?» деген сұраққа 66,9% «иә» десе, 30,6% «жоқ» деп жауап берген. Демек, бұл проблеманың да қатты өткір болмаса да салмақты проблемалар қатарында екені анық.

Екінші кезеңдік сауалнама алу барысында біз мектептермен балабақшаларға, арнайы мекемелерге барып респонденттерімізбен сөйлестік. Олардың сауалнамдан тыс пікірлері де әр тарапты болды. Ережеде студент-практиканттың неше сағат мекемеде болуы керектігі анық көрсетілмегеніне байланысты оларды жолықтыру қиынға түсті. Осы мәселенің екінші жағы студент-практиканттардың тек өзіне бекітілген мұғалімнің пәніне ғана келіп тым көп артық уақыттарының қалуы оларды болашақ жұмысынан алыстады. Олар тек пәнмен шектеліп мектеп тынысы, ұжымдық ортаға бейімделу, ғылыми және кәсіби бағдардан тыс қалып жатады. Респонденттердің «практикадан кейінгі» сауалнама мақсаты педагогикалық практиканы қорытындылау және нәтижелі кезіндегі жағымды да жағымсыз тұстарын саралауға бағытталған болатын. Бұл үшінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 121 респонденттің 119-ы ат салысты, 2 респондент босануына байланысты қатыса алмаған. Сауалнаманың алғашқы сұрағы бойынша 69,7 % респондент белсенді педпрактикадан күткенім ақталды деп жауап берсе, 7,5 % ақталмағанын айтады. Бұл пайыздарды түйінді көрсеткіштер деп есепке алар болсақ, енді оның түйінін ары қарай тарқату үшін тиісті сұрақтар қойылды. Оның бірі әрі маңыздысы студент-практиканттың өзін-өзі бағалауы. Нәтижесінде, респонденттердің басым көпшілігі өз уақыттарын тиімді игере алмайтындықтары анықталды, бұл олқылық сабақты жоспарлау кезінде кететін қателік. Сабақ жоспары тым көп немесе аз болған жағдайда ол уақыт аясынан не шығып кетеді не жетпей қалады. Сондықтан да бұл мәселені шешу үшін белсенді педагогикалық практикаға баратын студенттерімізді сабақты жоспарлай алудан бастап үйретудің жаңа механизмі мен жүйесі керек. «Иә» мен «жоқ» жауаптарының

тең түсуіне себеп болып отырған екі дағдының бірі интербелсенді тақтаға байланысты болса, екіншісі сабақтың құрылымына қатысты болып отыр. Демек, әрбір бітіруші түлекке ие кафедралар кәсіби пән әдістемесінің сапасын жоғарылату үшін жаңа әдістерге жүгінгені абзал. Дұрыс құрастырылған механизм ғана олқылықтардың орнын толтыра алады.

Белсенді педагогикалық практика жұмысын жандардыру мақсатындағы жүргізілген «Белсенді педагогикалық практика арқылы студентерді кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау» атты ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмысын қорытындылай келе бірқатар ұсыныстар пайда болды. Осы ұсыныстар тиісті орындарда

тиісті қызметкерлермен талқыланып оны ары қарай жүзеге асыруға мақсатталған. Ұсыныстар институтымыздың декандары мен кафедра меңгерушілері және педагогикалық практикаға қатысты бөлімдер алдында талқыланды. Педпрактиканы оңтайландыру мақсатында арнайы макет жасалды. Ол макет программаланып таңдаулы бірнеше кафедрадан апробациядан өтеді деп жоспарлануда. Апробация нәтижесі оң болған жағдайда ол жалпыға бірдей етіп ендіріледі. Алдағы уақытта ПЖОО арасында тәжірибе бөлісу сағаттары жоспарлануда. Осы мақсатта өзімізден тыс 6 ПЖОО онлайн сауалнама жіберілді, қажеттілік деңгейі анықталған соң кезекті жұмыстар өз жалғасын табады деп сенеміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Л. А. Щелкунова. *Проблемы профессиональной адаптации студентов на педагогической практике (Ярославский педагогический университет)*.
2. *Педагогическая диагностика в системе методической работы. МОУ ДПОС «Методический центр».* Пермский край. г. Краснокамск
3. *Researching education : data, methods and theory in educational enquiry/ David Scott and Robin Usher. – 2nd ed.*
4. *Cohen, Louis. Research methods in education/ Louis Cohen, Lawrence Manion, and Keith Morrison. – 5th ed*

**«ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНІҢ ДЕҢГЕЙЛІК ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
КЕШЕНДЕРІН АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен 2016 жылғы 1 шілдеде «Оқыту қазақ тілді емес мектептерге арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізудің қорытындысы туралы» республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді.*



Республикалық семинардың жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Ұлттық тестілеу орталығының, облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының өкілдері, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері мен эксперименттік мектептің мұғалімдері, «Study Inn» білім беру консалтингісі «Көкжиек - Горизонт» баспасының мамандары қатысты.

Сонымен қатар, семинар жұмысына педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразбаева Фаузия Шамсиқызы бастаған бір топ оқулық авторлары қатысты.

Семинарды Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ж.О.Жылбаев кіріспе сөз сөйлеп ашып, семинардың күн тәртібіндегі мәселердің маңыздылығына тоқталып, семинар жұмысына сәттілік тіледі.

Республикалық ғылыми-әдістемелік семинарда оқыту қазақ тілді емес мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің деңгейлік оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу қорытындысы талқыланды.

Семинар барысында Солтүстік Қазақстан облысы Білім басқармасының басшысы Ш.Т. Каринова, Қостанай облысы білім басқармасының басшысы Б.Б.Даумова, Алматы облысы білім басқармасы басшысының орынбасары М.Т. Омарова, «Оқулық» ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары С.Қ. Омаров және т.б. әдіскерлер мен ұстаздар баяндама жасап өз ойларын ортаға салды.

Семинардың екінші бөлімінде әдіскерлер мен мектеп мұғалімдері оқулық авторларының дәрісіне қатысты.

Семинардың қорытындысы бойынша ұсынымдама қабылданып, апробация барысына белсенді қатысқан ұстаздар марапатталды.



**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ СЕМИНАР  
«ИТОГИ АПРОБАЦИИ УРОВНЕВЫХ УЧЕБНИКОВ И УМК ПО ПРЕДМЕТУ  
«КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК» ДЛЯ ШКОЛ С НЕКАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ»**

*1 июля 2016 года Национальной академией образования имени И.Алтынсарина был организован и проведен Республиканский научно-методический семинар «Итоги апробации уровневых учебников и УМК по предмету «Қазақ тілі» для школ с неказахским языком обучения».*



предмету «Қазақ тілі» для 1-11 классов школ с неказахским языком обучения.

В ходе семинара выступили: начальник областного управления образования Северо-Казахстанской области Каринова Ш.Т., начальник областного управления образования Костанайской области Даумова Б.Б., заместитель начальника управления образования Алматинской области Омарова М.Т., заместитель директора Республиканского научно-практического центра

В работе семинара приняли участие представители министерства образования и науки РК, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Республиканского научно-практического центра «Учебник», Национального центра тестирования, сотрудники издательства «Көкжиек – Горизонт» образовательного консалтинга «Study Inn», сотрудники управлений образования областей, г. Астаны и Алматы, методисты, учителя-предметники, работающие в экспериментальных классах.

В работе семинара также приняла участие группа авторов под руководством доктора педагогических наук, профессора Оразбаевой Фаузии Шамсиевны.

Открывая семинар со вступительным словом, президент Национальной академии образования имени И.Алтынсарина Жилбаев Ж.О. подчеркнул значимость вопросов повестки дня и пожелал успешного проведения семинара.

На Республиканском научно-методическом семинаре были обсуждены итоги апробации уровневых учебников и УМК по



«Учебник» Омаров С.К., а также методисты и учителя, работающие в экспериментальных классах.

Во второй части семинара методисты и заместители директоров школ по учебно-воспитательной работе, учителя-практики прослушали лекции авторов уровневых учебников по предмету «Казахский язык».

По итогам работы семинара были приняты рекомендации. По итогам апробации уровневых учебников и УМК была проведена церемония награждения учителей экспериментальных школ.



- А.А. Абильдина** - техника ғылымдарының магистрі, ҚазГЮУ Университетінің аға оқытушысы, Астана қ.
- Ақжүнісова Г.Ш.** - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, П.Кориенко атындағы қосымша білім мектеп-орталығы, Топар к., Қарағанды облысы
- Бахтинова Э.Т.** - Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
- Жакишева Ж.К.** - М.Жұмабаев атындағы №39 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қарағанды қ.
- Жакишева М.К.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Жалмағамбетова Б.Ч.** - п.ғ.к., «Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы филиалының директоры, Павлодар қ.
- Жасағанбергенова Б.И.** - №6 гимназия директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Ақтөбе облысы, Хромтау қ.
- Жолымбаев О.М.** - ф.-м.ғ.к., доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
- Жунусова Ж.Қ.** - техника ғылымдарының магистрі, ҚазГЮУ Университетінің аға оқытушысы, Астана қ.
- Заречная О.П.** - «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының бас маманы, Павлодар қ.
- Қасымова Н.Е.** - өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, №264 мектеп-лицей, Қызылорда қ.
- Михалев Р.К.** - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Мұратбеков А.Т.** - Педагогика және психология кафедрасының магистранты, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
- Нұрадин Г.Б.** - философ.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Мониторинг және педагогикалық зерттеулер орталығының жетекшісі, Тараз қ.
- Нұрғалиев Н.У.** - биология магистрі, Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Алматы қ.
- Нұрсұлтанова Г.Қ.** - Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.
- Рыжкова Л.В.** - «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының бас маманы, Павлодар қ.
- Саипов А.А.** - п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жаратылыстану ғылымдары факультетінің профессоры, Астана қ.
- Смағұл А.Т.** - №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі, Қызылорда қ.
- Тайболдина Қ.Р.** - Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

- А. А. Абильдина** - магистр технических наук, старший преподаватель Университета КазГЮУ, г. Астана
- Г. Ш. Акжунусова** - учитель русского языка и литературы, школа-центр дополнительного образования им. П. Корниенко, п. Топар, Карагандинская область
- Бахтинова Э.Т.** - преподаватель кафедры «Математики и методики преподавания математики», Государственный университет имени Шакарима города Семей,
- Жасаганбергенова Б.И.** - заместитель директора по воспитательной работе гимназии №6, Актюбинская область, г. Хромтау
- Жакишева М.К.** - старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, г. Астана
- Жакишева Ж.К.** - учитель казахского языка и литературы, гимназия №39 им. М. Жумабаева, г. Караганды
- Жалмагамбетова Б.Ч.** - к.п.н., директор филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Павлодарской области, г. Павлодар
- Жолымбаев О.М.** - к.ф.-м.н., доцент, Государственный университет имени Шакарима города Семей
- Жунусова Ж.К.** - магистр технических наук, старший преподаватель Университета КазГЮУ, г. Астана
- Заречная О.П.** - главный специалист филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Павлодарской области, г. Павлодар
- Касымова Н.Е.** - учитель самопознания, школа-лицей №264, г. Кызылорда
- Михалев Р.К.** - старший научный сотрудник лаборатории естественно-математического образования Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, г. Астана
- Муратбеков А.Т.** - магистрант кафедры педагогики и психологии, Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова, г. Кокшетау
- Нурадин Г.Б.** - к. философ. н., ассоциированный профессор (доцент), Таразский государственный педагогический институт, руководитель центра «Мониторинга и педагогических исследований», г. Тараз
- Нургалиев Н.У.** - магистр биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления г. Алматы
- Нурсултанова Г.К.** - Государственный университет имени Шакарима города Семей
- Рыжкова Л.В.** - главный специалист филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПР по Павлодарской области, г. Палодар
- Саипов А.А.** - д.п.н., профессор факультета естественных наук Евразийского Национального университета им. Л. Н. Гумилева, г. Астана
- Смагул А.Т.** - учитель истории областной школы-интерната для одаренных детей №4, г. Кызылорда
- Тайболдина К.Р.** - Государственный университет имени Шакарима города Семей

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) **3 беттен** кем болмауы және **10 беттен** аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі **ережелерге** сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша **ӘОЖ**;

- **мақала атауы** мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – **Times New Roman** бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **автор(лар)дың аты-жөн(дер)і**, сондай-ақ **мекемелердің толық атауы** келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **андапта** кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **тірек сөздер (8-10 сөзден аспауы керек)**: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **мақала мәтіні**: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала **кіріспеден** басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі **қорытындымен** тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- **мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер** 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі **кестелер** сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- **суреттер** TIFF (\*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. Әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1507. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. **Байланыс тел:** 8 (7172) 57-66-49

E-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)

// жазылу индексі 75754

10. **Автор туралы мәліметтер бөлек бетте** (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

## ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

1. К публикациям принимаются **статьи** на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться **рецензией** доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. **Объем рукописи** (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. **Объем рисунков** не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими **правилами**:

- **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;  
- **заглавие статьи** должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центрованный;

- **инициалы и фамилия(-и) автора(-ов)**, а также полное **название учреждения** должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центрованный;

- **аннотация** должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **ключевые слова (не более 8-9 слов)**: на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **текст статьи**: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - полуторный;

- статья начинается с **введения**, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного **вывода**, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- **пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы** следует оформлять по ГОСТ 7.1 - 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 - 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом.

**Ссылки** и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- **таблицы** помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- **рисунки** (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (\*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков - сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- **сокращения** разрешаются применять только общепринятые - названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

- **математические формулы** должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять **по адресу**: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15-этаж, каб. 1507. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

### 9. Контакты:

Тел. (8 7172) 57 66 49

Е-mail: [bilim-edu.2003@mail.ru](mailto:bilim-edu.2003@mail.ru)

// подписной индекс 75754

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, Е-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Ж.О. Жилбаев** - к.п.н., президент НАО им. И.Алтынсарина, МОН РК

**ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ**

**М.Е. Мукатова** - к.п.н., доцент, вице-президент НАО им. И.Алтынсарина

**А.М. Мамырханова** - к.и.н, доцент, ученый секретарь НАО им. И.Алтынсарина

**Ж.Ж. Наурызбай** - д.п.н, профессор, зав. отделом воспитания и этнокультуры НАО им. И.Алтынсарина

**Г.Д. Баубекова** - д.п.н, профессор, главный научный сотрудник отдела воспитания и этнокультуры НАО им. И.Алтынсарина

**Д.П. Кожамжарова** - д.п.н., профессор, ректор Таразского педагогического института

**Л.А. Худенко** - д.п.н., доцент, заместитель директора научно-исследовательского института «Национальный институт образования» Министерства образования Республики Беларусь

**В.Н. Скворцов** - д.э.н., профессор, ректор Ленинградского государственного университета имени А. С. Пушкина (РФ)

**Л.В. Моисеева** - д.п.н., профессор, зав. кафедрой Уральского государственного педагогического университета, г.Екатеринбург (РФ)

**С.Ж. Пралиев** - д.п.н., профессор, ректор КазНПУ им. Абая

**М.Н. Сарыбеков** - д.п.н., профессор, ректор ТарГУ им. М.Х. Дулати

**Б.А. Жетписбаева** - д. п. н., профессор, декан факультета иностранных языков КарГУ им.Е.А.Букетова

**Л.С. Сырымбетова** - к.п.н, директор центра научных исследований НАО им. И.Алтынсарина

**Г.С. Кудайберген** - директор центра развития малокомплектных школ НАО им. И.Алтынсарина

*Редактор - Кусаинов О.А.*

*Корректор - Мухатаева Б.М.*

*Корректор - Жакишева М.К.*

**СОДЕРЖАНИЕ**

**ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБУЧЕНИЯ**

*Р.К. Михалев, А.А. Саипов*  
Краеведение в учебно-воспитательном процессе: традиции и инновации.....3

*Г.Ш. Акжунусова*  
Обособленные и необособленные обстоятельства.....9

*Н.У. Нурғалиев*  
Новый формат расписания уроков.....12

*А.А. Абильдина*  
Развитие критического мышления студентов через педагогические технологии.....15

*М.К. Жакишева, Ж.К. Жакишева*  
Компетентностные подходы в условиях 12-летнего образования.....21

*Ж.К. Жунусова, А.А. Абильдина*  
Сервисы Google – современная образовательная среда для совместной деятельности.....26

*О.М. Жолымбаев, Э.Т. Бахтинова, Г.Қ. Нурсултанова, Қ.Р. Тайболдина*  
Формирование преемственности содержания вероятности и статистики в школьном курсе математики.....29

*Д.Адайр, Ж.Бакенов, М.Джегер*  
Рамки критического мышления в учебном процессе.....33

**ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ**

*Б.И. Жасаганбергенова*  
Национальная идея «Мәңгілік Ел» – основа духовно-нравственного воспитания в школе.....37

*А.Т. Смагул*  
Ценности «Мәңгілік Ел» – в инновационном опыте.....41

*Н.Е. Қасымова*  
Роль учителя в воспитании духовно-нравственной личности.....47

**Учредитель:**

РГКП «Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина»  
 Министерства образования и науки Республики Казахстан.  
 Журнал издается с мая 2000 года.  
 Периодичность 1 раз в 3 месяца.  
 Поставлен на учет Министерством культуры и информации РК.  
 Свидетельство № 9838-ж от 30.12.2008 г.

**Уважаемые читатели и авторы!**

*Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции.*

*Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.*

*Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.*

**Наш адрес:**

01000, г. Астана,  
 ул. Орынбор, 4,  
 БЦ “Алтын Орда”, офис 1500.  
 тел.: 8 (7172) 57-66-49

**E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru**

Подписано в печать 29.08.2016 г.  
 усл.печ.л. - 4,75. Печать RISO.

Тираж - 305 экз.

Отпечатано  
 в издательском центре  
 НАО им. И. Алтынсарина.

**МЕТОДИЧЕСКАЯ ШКОЛА**

*А.Т. Мұратбеков*  
 Организация и совершенствование аттестации педагогических кадров на основе зарубежного опыта.....52  
*Б.Ч. Жалмагамбетова,*  
*О.П. Заречная, Л.В. Рыжкова*  
 О технологии технологичном подходе в СПК.....55

**НАУЧНЫЙ ПОИСК**

*Г.Б. Нурадин*  
 Определение эффективных путей для адаптации студентов к профессии через активную педагогическую практику: педагогическое исследование.....64

**КОНФЕРЕНЦИИ, ФОРУМЫ, СЕМИНАРЫ**

*Республиканский научно-методический семинар «Итоги апробации уровневых учебников и УМК по предмету «Казахский язык» для школ с неказахским языком обучения» (1 июля 2016 г., г.Астана).....72*

НАШИ АВТОРЫ.....74  
 ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ.....76

# CONTENT

## THEORY AND PRACTICE OF TEACHING

<i>R.K. Mikhalev, A.A. Saipov</i> Regional study of educational processes: traditions and innovations.....	3
<i>G.Sh. Akzhunusova</i> Apart and segregated circumstances.....	9
<i>N.U. Nurgaliyev</i> <i>A new format of lesson timetable</i> .....	12
<i>A.A. Abildina</i> Development of critical thinking of students through the educational technology.....	15
<i>M.K. Zhakishева, Zh.K. Zhakishева</i> Competence approach in a 12-year education.....	21
<i>Zh. K. Zhunussova, A.A. Abildina</i> Google – a modern educational environment for joint activities.....	26
<i>O.M. Zholymbaev, E.T. Bahtinova, G.K. Nursultanova, K.R. Tayboldina</i> Formation of the continuity of the content of probability and statistics in the school course of mathematics.....	29
<i>D. Adair, Zh. Bakenov, M. Jaeger</i> A critical thinking framework across the curriculum.....	33

## THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

<i>B.I. Zhasaganbergenova</i> The National idea “Mangilik El” – the foundation of spiritual and moral education in school.....	37
<i>A.T. Smagul</i> <i>The “Mangilik El” values in the innovative experience</i> .....	41
<i>N.E. Kasymova</i> The role of teachers in the education of spiritual and moral personality.....	47

## METHODOLOGICAL SCHOOL

<i>A.T. Muratbekov</i> Organization and improvement of qualification of teaching staff on the basis of foreign experience.....	52
<i>B.Ch. Zhalmagambetova, O.P. Zarechnaya, L.V. Ryzhkova</i> On the technology and technological approach in the professional development system.....	55

## RESEARCH

<i>G.B. Nuradin</i> Determination of the effective ways for students to adapt to the profession through active pedagogical practice: pedagogical research.....	64
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

## CONFERENCES, FORUMS, SEMINARS

<i>Republican scientific-methodical seminar «The results of the testing of level of textbooks and teaching materials on the subject of «Kazakh language» for schools with non-Kazakh language learning» (July 1, 2016, Astana)</i> .....	72
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

OUR AUTHORS.....	74
RULES FOR AUTHORS.....	76